



2 қыркүйек, сенбі 2023 жыл

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz



www.facebook.com/syrboyi.kz/



www.instagram.com/syrboyi\_kz



https://twitter.com/syrboyi



t.me/syrboyi\_kz

## «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

### МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Құрметті отандастар!  
Қадірлі депутаттар және  
Үкімет мүшелері!

Қазақстан Республикасы Конституциясының 59-шы бабына сәйкес VIII шақырылымдағы Парламенттің екінші сессиясын ашық деп жариялаймын.

**Құрметті депутаттар!**

Баршанызды кезекті сессияның ашылуымен құттықтаймын! Жауапты қызметтеріңізге табыс тілеймін!

Көктемдегі сайлаудан кейін Парламенттегі саяси партиялардың қатары көбейді. Депутаттар құрамы айтарлықтай өзгерді. Саяси партиялардың фракциялары, бір мандатты округтан сайланған депутаттар да жұмысқа белсене кірісті. Олар көптеген заң жобасына бастамашылық етіп, өзекті мәселелерді батыл көтере бастады.

Депутаттарымыз жазда да көп жұмыс атқарды. Небәрі екі айда 1200-ден астам елді мекенді аралап, сайлаушылармен кездесті, тұрғындардың тыныс-тіршілігімен танысты.

Мен баршаңызға табысты қызметтеріңіз үшін шынайы ризашылығымды білдіремін. Жаңа сессияда жұмыс қарқыны бұдан да жоғары болады деп ойлаймын.

**Құрметті отандастар!**

Баршанызға мәлім, мен жыл сайын халыққа Жолдауымды Парламент сессиясының ашылуында жариялаймын. Бүгінде бұл жақсы дәстүрге айналды. Мұның айрықша мәні бар.

Себебі дәл осы сәтте және дәл осы жерде билік тармақтарының барлық өкілдері бас қосады. Алдағы орта мерзімдік жұмыстың бағыт-бағдары айқындалады. Нақты тапсырмалар беріледі, жана міндеттер жүктеледі. Парламент, Үкімет және басқа да құзыры органдар тың қарқынмен іске кіріседі. Бір сөзбен айтсақ, мемлекеттік аппараттың үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі үшін бұл іс-шара өте маңызды.

Бүгінде менің бастамаларымның басым көпшілігі жүзеге асты. Бірқатар жұмыс жалғасып жатыр. Осы орайда халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды атап өткім келеді.

Мысалы, 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынады. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр. «Ұлттық қор – балаларға» жобасы қолға алынды. Соның арқасында жана жылдан бастап балалардың есепшотына қаражат түсе бастайды. Игерілмей жатқан немесе заңсыз берілген 8 миллион гектар жер мемлекет меншігіне қайтарылды.

Мен нақты іске асқан шаралардың бір бөлігін ғана атап өттім. Шын



мәнінде, көп жұмыс атқарылды, болашақта да өз жалғасын табады.

Өздеріңізге мәлім, былтырдан бері елімізде ауқымды саяси жаңғыру жұмыстары жүргізілді. Небәрі бір жарым жылдың ішінде көптеген өзгеріс жасалды. Оған баршаңызға қу болдыңыздар, реформаны жүзеге асыру үшін белсенді түрде жұмыс істедіңіздер.

Қолға алған шаралар нәтижесінде билік тармақтары арасында тиімді тепе-теңдік орнады. Басқару жүйесі ықпалды Парламенттің Президенттік республика үлгісіне көшті. Елімізде «күшті Президент – ықпалды Парламент – есеп беретін Үкімет» тұжырымдамасы барынша орнықты. «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» қағидатын нақты іске асыруымыз қажет. Бұл жерде Парламенттің рөлі ерекше.

Адам құқығын қорғау саласында маңызды қадамдар жасалды. Әділдікті және заң үстемдігін орнату үшін ауқымды жұмыс жүргізіліп жатыр. Шешім қабылдау үдерісіне азаматтардың қатысу мүмкіндігі артты. Қоғамның саяси мәдениеті мүлде жаңа сипатқа ие болды.

Алайда нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажет.

Қазір әлемде геосаяси ахуал ұшығып тұр. Соған қарамастан, ел экономикасының негізгі бағыттары

бойынша көрсеткіштер өсті.

Былтыр Қазақстанның ішкі жалпы өнімі 104 триллион теңге болды. Елімізге 28 миллиард доллар тікелей шетел инвестициясы тартылды. Бұл – рекордтық көрсеткіш. Сыртқы сауда-саттық бұрын болмаған деңгейге, яғни 136 миллиард долларға жетті. Оның 84 миллиарды – экспорт. Сыртқы қорымыз 100 миллиард долларға жуықтады. Бұл, ең алдымен, экономикалық тұрақтылығымыздың аса маңызды кепілі екені сөзсіз.

Әрине, басқа елдер де қарап отырған жоқ, олар да алға қарай ұмтылып, дамуда. Бір сөзбен айтқанда, жаһандық экономика және халықаралық еңбек нарығы түбегейлі өзгеруде. Технологиялық бәсеке қызып тұр. Барлық жерде ресурстар үшін талас жүріп жатыр. Климаттың өзгеруі, азық-түлік қауіпсіздігі және демографиялық тұрғыдан орнықты даму ең өзекті мәселеге айналды. Бір сөзбен айтқанда, адамзат тарихында бұрын-соңды болмаған сын-қатерлер мен түбегейлі өзгерістер дәуірі басталды.

Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жана экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмысты батыл жүргізіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс. Әділдік, инклюзивтік және үнем-

шідік жана экономикалық бағдарымыздың өзегіне айналады.

Қазақстанның экономикалық дамуының жаңа парадигмасы еліміздің бәсекелік артықшылықтарын тиімді пайдалануға және өндіріс саласындағы еңбек, капитал, ресурстар, технология сияқты негізгі факторлардың әлеуетін барынша ашуға негізделді.

Жаңа экономикалық саясатта жүзеге асуы екіталай. Сондықтан ұзақ мерзімді мақсат қоюға болмайды.

Осы Жолдауда айтылатын міндеттің бәрі үш жылдың ішінде орындалуға тиіс. Ал аса күрделі міндеттерді жүзеге асыру үшін нақты мерзім бекітіледі.

Енді экономиканың құрылымына қатысты реформаның негізгі тұстарына тоқталайын.

Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беріміз қажет.

Біз ел тағдыры үшін айрықша мән бар бірқатар жобаны жүзеге асыруымыз керек. Экономиканы артарапандыру бұрынғыдан да маңызды міндетке айналуға тиіс.

Бұл ретте металды терең өңдеу, мұнай-газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды конверсиялау және байыту, автобөлшектер және тұяңайтқыштар шығару сияқты бағыттарға айрықша назар аударған жөн. Басқаша айтсақ, жоғары деңгейде

өңделген өнім шығаратын кластер құру керек.

Еліміздің туристік әлеуетін де пайдалану керек. Туризм осындай серпінді жобалар қатарында болуға тиіс. Өкінішке қарай, осы маңызды саладағы жұмыс дұрыс атқарылмай жатыр, еліміз басқа мемлекеттермен салыстырғанда артта қалып келеді.

Жалпы, кемінде 15 ірі жобадан тұратын нақты тізім дайындалуға тиіс. Осы салада бұрын болған қателіктерді қайталауға болмайды.

Жобаларды тиімді қолдау шараларын және оларды орындау мерзімдерін нақты айқындау керек. Оны іске асыруға шетел инвесторларын және еліміздің бизнес өкілдерін барынша тартқан жөн. Жұмысқа өзіміздің шикізатты, тауарлар мен кадрларды, басқаша айтқанда, барлық ішкі мүмкіндіктерімізді пайдалану қажет.

Біз жаңа өнеркәсіп саясаты арқылы жаңаша даму үлгісіне көшуге тиіспіз.

Мемлекет ірі кәсіпорындармен бірлесіп, өндірістің барлық сатысы өз елімізде болуын қамтамасыз етуі керек. Ол үшін өндіріс саласын реттейтін және ынтықандыратын түрлі тәсілдерді қолдану қажет. Өңдеу өнеркәсібі шикізатты көңілге қонымды бағамен жеткілікті көлемде алуы керек.

Сонымен бірге реттелетін сатып алу кезіндегі өз тауарларымыздың үлесін арттыру және офтейк жүйесін толық іске қосу қажет. Еліміздегі өнім өндірушілермен жасалатын офтейк келісім-шарттардың үлесін кемінде 10 пайызға жеткізу керек. Бұл – жыл сайын 2 триллион теңге деген сөз.

Мен былтыр қолданыстағы жүйенің бітпейтін дау-дамай, жұмыстың ұзақ мерзім, ашық еместігі сияқты түпкілікті мәселелерін шешу үшін жаңа мемлекеттік сатып алу жүйесін енгізуді тапсырдым. Үкімет жаңа заң жобасын әзірледі. Бұл құжат бюджет қаржысын үнемдеп әрі есеп бере отырып жұмысқа енгізіліп жатуы керек.

Бір жағынан жаңа жүйе еліміздің кәсіпкерлеріне одан әрі қолдау көрсетілетін және ең бастысы, қордаланған мәселелердің бюджеттен қаржыландыру арқылы шұғыл шешілуін қамтамасыз етуге тиіс.

Сатып алу үдерісі оңтайланып, қысқартылады, «баға емес, сапа» қағидатына басымдық беріледі, яғни, демпингке тиімді тосқауыл қойылады және үдерістер толық автоматтандырылады. Мемлекеттік сатып алу жүйесіне алғаш рет «басынан бақайшағына дейін» жасау тәсілі енгізіледі.

Жұмыстың ашық болуын арыз-шағымдарды қараудың жаңа тәсілін қолдану және қоғамдық мониторинг институты енгізу арқылы қамтамасыз еткен жөн.

Соның нәтижесінде алдағы үш жылдың ішінде реттелетін сатып алу саласындағы жергілікті өнімдер мен қызметтердің үлесі кемінде 60 пайызға жетуге тиіс.

Қазір көптеген елдер ішкі нарықты қорғау шараларын белсенді қолданады. Дамыған мемлекеттердің өзі протекционистік өнеркәсіп саясатына көшті.

2,3,4-беттер

## ПРЕЗИДЕНТ

### ӨЗБЕКСТАН ПРЕЗИДЕНТІНЕ ҚҰТТЫҚТАУ ЖЕДЕЛХАТЫН ЖОЛДАДЫ

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Президент Шавкат Мирзиёевті және Өзбекстан халқын ұлттық мерекесі – Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

«Біздің халықтарымыздың түпкі мүдделерін, ғасырлар бойғы достық және тату көршілік дәстүрлерін негізге

ала отырып, қазақ-өзбек стратегиялық серіктестігі мен одақтастығын одан әрі нығайтуға басымдық беремін.

Біз ортақ күш-жігерді біріктіре отырып, бауырлас халықтарымыздың өркендеуі және Орталық Азияның тұрақтылығы мен игілігі үшін көпжақты ынтымақтастықтың орасан зор әлеуетін жүзеге асыра алатынымызға сенімдімін» деп жазылған жеделхатта.

### ПРЕЗИДЕНТ ӘКІМШІЛІГІ МЕН МИНИСТРЛІКТЕРДЕГІ ӨЗГЕРІСТЕР

Кеше Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Жаңашылдықтар нәтижесінде елімізде 5 жаңа министрлік құрылып, Президент Әкімшілігі құрылымы қайта жасақталды. Бұл туралы ҚазАқпарат агенттігі ұсынған шолудан қысқаша баяндасақ.

Сонымен Мемлекет басшысы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің құрылымын қайта құру туралы Жарлыққа қол қойды. Президент Әкімшілігі Басшысының орынбасарлары лауазымдары жойылып, Президент Әкімшілігінің төрт бөлімі қысқарды.

Сонымен бірге, кеше Президент Жарлығымен, 5 жаңа министрлік

құрылды, олар – Су ресурстары және ирригация министрлігі; Көлік министрлігі; Туризм және спорт министрлігі; Мәдениет және ақпарат министрлігі; Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі.

Сәйкесінше, Мемлекет басшысы 4 министрді қызметтерінен босатты:

Марат Кәрімжанұлы Қарабаев Қазақстан Республикасының Ин-

дустрия және инфрақұрылымдық даму министрі лауазымынан босатылды;

Дархан Қуандықұлы Қыдырәлі Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрі лауазымынан босатылды;

Асхат Раздықұлы Оралов Қазақстан Республикасының Мәдениет және спорт министрі лауазымынан босатылды;

Зұлфия Болатқызы Сүлейменова Қазақстан Республикасының Экология және табиғи ресурстар министрі лауазымынан босатылды.

Жаңа министрліктердің басшылары әлі тағайындалған жоқ.

## ОБЛЫС ӘКІМІНІҢ ҚҰТТЫҚТАУЫ

Құрметті ағайын!  
Қадірлі ұстаздар мен оқушылар!

Сіздерді Білім күнімен, жана оқу жылының басталуымен құттықтаймын!


Адамзат баласын өркениетке жеткізетін, ой-сана биігіне шығаратын білім екені белгілі. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев «Сапалы білім – жетістікке жетудің жолы әрі экономиканы дамытудың басты құралы».

Жеті түрлі ілім білетін ұрпақ тәрбиелеу – бүгінгі күннің негізгі міндеті» деп атап өтіп, саланың

басты бағытын айқындап берді. Президентіміз бен Үкіметтің қолдауы арқасында Сыр өңірінде жас ұрпақтың білімді, тәрбиелі болып жетілуі үшін ауқымды жұмыстар атқарылуға жол ашылды. Жайлы да еңселі балабақша, мектеп, қосымша білім беру мекемелерінің ғимараттары бой көтеріп, үш ауысыммен оқу мәселесі шешілді. Оқушылар тегін ыстық тамақпен қамтылды. Балалар мектепке қатынау үшін арнайы жабдықталған автобустар жолға шықты.

Облыс бойынша 180 мыңнан астам оқушы алтын ұяларына тағы бір белесті бағындыру үшін оралды, 17 мыңнан астам бала мектеп табалдырығын алғаш рет аттап, «Әліппені» қолға алды. Оларды білім нәрімен сусындататын ұстаздары, қанатын қатаятып, жол көрсететін мектебі күтуде. Мереке күні білім саласының барша қызметкерлеріне еңбектеріңіз жемісті болсын деп тілектестігімді білдіремін. Тәуелсіздігіміз тұғырлы, жас ұрпақ, шәкірттер зейінді болсын!

Құрметпен,  
облыс әкімі  
Нұрлыбек НӘЛІБАЕВ





# «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ



Дүниежүзілік сауда ұйымының бағалауына, біздің елдегі ішкі нарықты қорғау деңгейі төмен, небәрі 128 тарифтік емес шара. Сондықтан біз сауда-саттық саясатында жана әрі батыл қадам жасауымыз керек.

Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті. Бұл – біздің экономикамыз өзгелер үшін жабық деген сөз емес. Экономикамыз басқа елдерге әрдайым ашық болуға тиіс. Бірақ ұлттық бизнестің мүддесін қорғау керек.

Қазақстанда кен өндіру өнеркәсібі жақсы дамығаны баршаңызға белгілі. Осы сала ұлттық экономиканың өсімін қамтамасыз ететін сенімді табыс көзі болып келеді. Болашақта да солай болуға тиіс. Көптеген металдың әлемдік нарықтағы бағасы бұрын-соңды болмаған деңгейге жетті. Соған қарамастан ірі өндіріс орындарына жақын тұратын жұрттың наразылығы күшейіп барады. Олар экология нашарлап, денсаулық зиян келтіріп жатқанын айтып, шағымданады. Жұмысшылардың өңіресте мертігуі және қазыға ұшырауы көп болып кетті. Үкімет кәсіпорындардың технологиялық және экологиялық ахуалын, денсаулық сақтау жүйесін жақсарту үшін батыл шаралар қабылдауы керек. Сондықтан ірі өндіріс кәсіпорындары 5 жыл сайын технологиялық және экологиялық аудит жасауы керек. Бұл талап инфрақұрылым салысындағы кәсіпорындарға да қойылуға тиіс.

Геологиялық барлау ісі айрықша назар аударуды қажет етеді. Еліміздің минералды шикізат базасын толықтыру үшін 2018 жылғы тау-кен саласын басқару мәселесіне қатысты жаңа заңдар қабылданды. Бірақ заң талаптары толық орындалмай жатыр. Соның салдарынан табиғи ресурстар қанша бай болсақ та, көптен бері ауыз толтырып айтатын геологиялық жаңалық ашылған жоқ. Ахуалды дереу өзгерту керек.

Тау-кен саласын басқару жүйесін жуық арада жаңғырту қажет. Көптеген елде бұл саланы негізінен жеке компаниялар алға сүйейді. Сондықтан ірі көлемде жеке инвестицияларды тарту осы саланың әлеуетін ашуға барынша көмектеседі. Ол үшін салық және реттеу шарттары өзгеріске икемді болуы керек. Өз қаржысына геологиялық зерттеу жүргізген инвестордың жер қойнауын пайдалану кезінде басым құқыққа ие болуын қамтамасыз еткен жөн. Жобаларды келіспе қажетті рәсімдер мен оның мерзімін кешенді мемлекеттік сараптама жасау және толық цифрландыру тәсілін енгізу арқылы екі есе азайту керек. Қазір еліміздің 1,5 миллион шаршы шақырым аумағына геологиялық және геофизикалық барлау жасалған. Үкіметтің міндеті – 2026 жылға қарай оның көлемін кемінде 2 миллион 200 мыңға жеткізу.

«Жаңа заманның мұнайына» айналған сирек және жерде сирек кездесетін металл кеніштерін игеру басты бағыттың бірі болуы керек. Өзінің осы саладағы әлеуетін аша алған елдер келешекте бүкіл әлемнің технологиялық даму бағдарын айқындайтын болады.

Біз жыл соңына дейін саланы дамытуға қатысты нақты ұстанымдызды анықтап алуға тиіспіз. Өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторларын бастапқы үш жылда салықтан және басқа да міндетті төлемдерден босатқан жөн. Бұл – өңдеу индустриясына айтарлықтай серпін беруге арналған өте маңызды шара.

Тағы бір маңызды мәселе – қорғаныс-өнеркәсіп кешенін жан-жақты нығайту. Бұл сала дамыған елдердің ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету ісінде басты рөл атқарады.

Осы орайда импортқа тәуелділікті азайтуға мүмкіндік беретін, жергілікті өнім үлесі жоғары өндіріс кешенін құру – аса маңызды міндет.

Біздің армиямыз жоғары технологиялы қару-жарақпен және әскери техникамен, соның ішінде бронды техникамен, ұшқышсыз басқарылатын ұшу аппараттарымен, қазіргі заманғы атыс қаруларымен жабдықталуға тиіс. Техниканы шұғыл жөндейтін өндіріс орындарының қуатын арттырып, отандық кәсіпорындарға барынша қолдау көрсеткен жөн. Бізде оған қажетті материалдық-техникалық база, білік пен тәжірибе және мамандар бар. Тек оларға құзырлы мекемелердің тапсырысы керек.

Заманауи технология трансфертін жасау және жаңа өндірістер ашу жұмысын жалғастырып жөн. Арнаулы қорғаныс-өнеркәсіп кешенін дамыту қоры арқылы өз кәсіпорындарымызға тікелей қаржылық қолдау көрсетіледі.

Алдымызда тағы бір өте маңызды міндет тұр. Біз агроөнеркәсіп кешенінде нақты серпіліс жасауымыз керек. Ауыл шаруашылығы саласының әлеуеті орасан зор. Бірақ бұл қолда бар мүмкіндіктерді әлі де толық пайдаланбай отырмыз.

Қазақстанның айналасында өнім өткізетін өте үлкен нарықтар бар. Онда сапалы азық-түлік өнімдері таппы. Қазақстанның стратегиялық мақсаты – Еуразия құрлығындағы басты аграрлық орталықтың біріне айналу. Осы мақсатқа қол жеткіземіз десе, ең алдымен, өнімді жоғары деңгейге өңдеуге көшуіміз қажет. Онсыз болмайды. Біз алдағы үш жыл ішінде агроөнеркәсіптегі өңделген өнім үлесін 70 пайызға жеткізіміз керек. Бұл – нақты міндет. Жұртты өнім өндіуге ынталандыру керек. Ол үшін салық саясатын қайта қарау қажет.

Бұл салада ірі компаниялар көбірек болса, нақты серпіліс жасауға болады. Біз экспортты ұлғайта отырып, ішкі нарықты да ұстап тұруымыз керек. Сондықтан елімізде сапалы өнімді қажетті көлемде тұрақты ұсына алатын кәсіпорындар қажет. Отандық агрофирмалардың ірі компаниялар қатарына кіргені жөн болар еді. Сондай-ақ өзара тиімді шарттарды ұсынып, бұл жұмысқа халықаралық корпорацияларды белсенді түрде тарту керек.

Ет, сүт, астық өнімдерін терең өңдеу және өндірістік жылыжай шаруашылықтарын дамыту сияқты біз үшін болашағы зор бағыттарға басымдық берген абзал. Сонымен бірге өз еліміздегі ауыл шаруашылығы кәсіпорындарының әлеуетін қаперден шығармаған жөн.

Осы ретте 100-ден астам ірі сүт-ауыр фермасы салынып жатқан Солтүстік Қазақстан облысының жетістіктері көпке үлгі. Шаруалардың тәжірибесі мол, жем-шөп қоры да жеткілікті. Оған қоса байыпты қолдау шаралары қолға алынған. Осының бәрі тұтаса келе топ-тәуір нәтиже беріп отыр. Құс фабрикаларын, көкөніс қоймаларын, ет өнімдерін шығаратын кәсіпорындар салған кезде осы тәжірибені басшылыққа алу керек.

Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмауы керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуы керек.

Машина-трактор паркiнiң өбден ескіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналады. Қазір ауыл шаруашылығы техникасының 80 пайызы тозып тұр. Сондықтан жыл сайын оның 8-10 пайызын жаңартып отыру қажет. Бұл ретте еліміздегі техника өндірушілер мен шаруалардың да мүддесін ескерген абзал.

Қазір жаһандық бәсеке күшейіп тұр, тауар нарығында өзгеріс бар. Мұндай жағдайда өнім өткізу саясатына ерекше мән беруіміз керек. Жылдар бойы қалыптасқан ішкі және сыртқы нарықтағы орнымызды сақтап қалу айрықша маңызды. Үкіметтің алдында сыртқа шығарылатын өнім нарығының

ауқымын жоспарлы түрде кеңейту міндеті тұр. Қазақстанның тауарларын шетелге таныту жөніндегі шаралар тиімді шаралар қабылдаған жөн.

Қазіргі ауыл шаруашылығы – жоғары технологиялы сала. Мұны білесіздер. Шаруаларды жер жағдайы немесе ауа райы емес, инновациялық амал-тәсілдер табысқа жеткізеді. Заманауи ғылымға сүйенбесе, ауыл шаруашылығы жай тоқырауға емес, құрыдыға кетеді.

Агроғылымды дамыту және ең бастысы, оны ауыл шаруашылығында іс жүзінде қолдану үшін шаралар қабылдау қажет. Ұлттық аграрлық ғылыми-білім беру орталығын зерттеу ісінің барлық сатысын қамтитын агро-технология хабаны айналындыру керек.

Сондай-ақ шетелдің танымал агро-ғылыми орталықтарымен толық мақтастық орнату керек. Біз жеке ғылыми-технологиялық бастамаларды қолдаймыз. Білім беру бағдарламаларын ауыл шаруашылығы талпаптарына бейімдейміз.

Егін шаруашылығында маңызды реформа жасайтын кез келді. Егіс түрлерін көбейтуіміз керек. Сондай-ақ көбірек пайда өкелетін дақылдар егкен жөн. Суды көп қажет ететін егіс алқабын біртіндеп азайтып, бір ғана дақыл түрін егуді шектеу қажет. Дикандарды жергілікті тұқыммен қамтамасыз ету маңызды. Сонымен қатар жаңа сұрыптарды шығарып, оны өсіру мәселесін шешкен жөн.

Мемлекеттің баға реттеу мәселесіне шектен тыс араласуы агроөнеркәсіп кешенін өркендетуге айтарлықтай кедергі келтіріп отыр. Бұл мәселені де шешу керек.

Азық-түлік келісім-шарт корпорациясы ахуалды тұрақтандыру ісінде қазіргіден де маңызды рөл атқаруға тиіс. Бұл мекеме қажет кезде интервенция жасап, бағаның өсімін тежеп отырады. Азық-түлік корпорациясы нарықтағы жекеменшік иелерінің ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіретін, оны сақтайтын және сататын толыққанды желі құруына жәрдемдесуге тиіс.

Келесі мәселе. Өткен қыста еліміздің жылу-электр станцияларын қайта-қайта апат болды. Бұл жағдай жылдар бойы шешілмеген мәселенің бетін ашып берді. Инфрақұрылымның өбден тозуы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер етеді. Индустриаландыру қарқынын да тежейді. Яғни, инфрақұрылымды жаңғыртпасақ, жаңа экономикалық үлгіге көшу мүмкін емес.

Үкімет жаңа инфрақұрылымдық жоспарда осы саладағы барлық түйткілді ашық көрсетіп, оны шешу жолдарын анықтауға тиіс.

Энергетикалық қауіпсіздік мәселесін де шешу қажет. Бұл салада қолдан келгенше өз ресурстарымызға арқа сүйенген абзал. Басты міндет электр энергетикасы саласына жүктеледі. Алдағы 5 жылда кемінде 14 гигаваттық жаңа электр қуаты іске қосылады.

Биыл Екібастұздағы бірінші ГРЭС-тің бірінші блогын қайта құру жұмыстары аяқталады. Бұрын ешқашан толық қуатын пайдаланып көрмеген станцияның 8 блогы түгел жұмыс істейтін болады. Қазір екінші ГРЭС-ті кеңейту жобасы жүзеге асырылып жатыр, үшінші ГРЭС-тің құрылысы басталады.

Түптеп келгенде, Қазақстан электр қуатын басқа жақтан алмауға тиіс, яғни көршілес елдерге тәуелді болмауы керек. Біздің қазіргі ахуалымыз мөз емес. Бұл – ең алдымен, мемлекеттің қауіпсіздік мәселесі. Жалпы, қай жағынан алып қарасақ та, бұған мүлде жол беруге болмайды.

Әрине, жаңартылатын энергетика жобаларын жүзеге асыру да жалғасады. Су электр станцияларын дамыту мәселесі назардан тыс қалмайды. Электр қуатымен, жылумен және сумен қамтамасыз ету – технологиялық тұрғыдан алғанда тығыз байланысқан біртұтас жүйе. Оған экономиканың аса маңызды жеке саласы ретінде қараған абзал. Осы салаға қатысты

қазіргі ұстаным негізінен өзектілігін жоғалтты. Енді жаңа шешімдер керек.

Тариф саясатын түбегейлі қайта қарау, тариф белгілеудің жана әдіс-тәсілін енгізу және инвесторлардың қызығушылығын арттыру қажет. Табиғи монополия субъектілерінің бәріне 5-7 жылға дейін көңілге қонымды нарықтық тариф енгізілген жөн. Яғни, баға тұрақты болса, инвестицияны нақты жоспарлауға мүмкіндік туады. Қаржы ұйымдары да кәсіпорындарға нық сеніммен несие бере алады. Сонымен қатар монополистердің жауапкершілігін едәуір арттыру қажет. Бұл салаға цифрлық бақылау тәсілдері енгізіледі. Сол арқылы азаматтарымыз тарифтік смета және инвестициялық бағдарламалар туралы ақпарат алады.

Елді газбен қамтамасыз ету де – өзекті мәселе. Тауарлы қорғаныс ресурстық базасын кеңейту – Үкіметтің және ұлттық газ компаниясының басты міндеті. Жаңа газ өңдеу зауыттарының құрылысын тездету және қолданыстағы зауыттардың қуатын барынша пайдалану қажет.

Еліміздегі Теңіз, Қашаған, Қарашығанақ сияқты мұнай-газ алпауыттары газды қолжетімді бағамен ұсынуға тиіс. Сонымен қатар жаңа газ кеніштерін барлау және игеру үшін инвестицияны тарту аса маңызды.

Электр қуаты, жылу және су – тұрмысқа аса қажетті игіліктер. Оны үнемдеп пайдалану керек. Бұл жаңа тұрмыстық мәдениетке айналуы қажет. Жалпы, бұл – ұйымдасуына ғана емес, тұтас экономикаға ортақ талап. Қазір суды оңды-солды пайдалануға мүлде болмайды. Үкімет энергетикалық тиімділік саясатын түбегейлі қайта қарауға тиіс. Онда Экономикалық ынтимақтастық және даму ұйымының стандарттары ескерілуі керек.

Энергетиканы тиімді пайдалануға және басқа да ресурстарды үнемдеуге қатысты нақты нормативтік талаптарды біртіндеп енгізу қажет.

2029 жылға қарай энергияны тұтынуға және энергия шығынына байланысты негізгі көрсеткіштер кемінде 15 пайызға азаюға тиіс.

Біз «жасыл» экономиканы дамыту мәселесін мықтап айналысуымыз керек. Болашақта бүкіл әлем таза энергетикаға көшетіні сөзсіз. Халықаралық сарапшылардың мәліметіне сүйенсек, жалпы әлемдегі күрделі қаржы салымдарының үштен біріне жуығы жаңартылатын энергетика жобаларының еншісінде. Қазақстанда да бұл бағытта көп жұмыс атқарылды. Жаңа Экология кодексі және Көміртегі бейтараптығына көл жеткізудің 2060 жылға дейінгі стратегиясы қабылданды. Соңғы 5 жылда жанартылатын энергетиканың өлімізде өндірілетін қуаттың жалпы көлеміндегі үлесі 5 пайызға жуық өсті.

2027 жылға қарай тағы 1,4 гига-ваттық қуат көздері іске қосылады. Еліміздің энергетикалық теңгерімінің құрылымы өзгеретіні анық. Сондықтан қуат өндіруден бастап оны таратуға дейінгі бүкіл энергетика саласын басқару тәсілдерін жетілдіру керек.

Сутегіден қуат өндіру ісін дамыту қажет. Қуат көздерін кеңейту ісі энергетикалық машина жасау саласында технология трансфертін жүзеге асырып, жергілікті өндірісті дамытуға, аккумулятор өнеркәсібін құруға негіз болады. Ең бастысы, елімізде шикізат қоры жеткілікті.

Тенгерімді қуат көздерін, энергияны шоғырландыру жүйелерін құру үшін түш шешімдер қабылдау қажет. Көміртегі бейтараптығына көшуді парниктік газ шығарындыларына арналған квотаны саудалау арқылы тездетуге болады. Үкімет пен бизнес өкілдері осы бағыттағы мүмкіндіктерді пайдалану мәселесімен шұғылданыуы керек.

Жетекші экономикалар үшін «жасыл» қаржы тарту ісінің маңызы арта түседі. Өткен жеті жылда жер жүзінде «жасыл» облигацияларға 2,5 триллион доллардан астам қаражат жұмсалды. ESG қағидалары аз уақыт

ішінде қаржы ұйымдарының қалыптасу тәжірибесіне айналды. Осыған байланысты «Астана» халықаралық қаржы орталығы біздің аймақтың «жасыл» қаражат тартатын басты алаңына айналуға тиіс.

Атом энергетикасын дамыту аса маңызды экономикалық және саяси мәселеге айналды. Атом электр станциясын салу қажет пе, жоқ па деген сауалға қатысты түрлі пікір бар екенін білесіздер.

Қазақстан – әлемдегі ең ірі уран өндіруші мемлекет. Ендеше өз жерімізде атом станциясын салуға өбден қақымыз бар. Кейбір сарапшылар шағын ядролық станциялар салу керек деген пікір айтады. Алайда көптеген азамат пен бірқатар сарапшы ядролық станцияның қауіпсіздігіне күмәнмен қарайды.

Семей полигоны халқымызға қаншама қасірет әкелгенін ескерсек, олардың күдігін түсінуге болады. Сондықтан бұл мәселе бойынша қоғамдық тыңдауларды, егжей-тегжейлі, кең ауқымды талқылауларды жалғастыруымыз керек.

Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем.

Атом электр станциясын салу немесе салмау мәселесі – еліміздің болашағына қатысты аса маңызды мәселе. Сондықтан оны жалпұлттық референдум арқылы шешкен жөн деп санаймын. Нақты мерзімін кейін анықтаймыз.

Келесі мәселе. Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр.

Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыптасуы қызық. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін.

Жалпы, біз – трансшекаралық су көздеріне тәуелді елміз. Еуразия құрлығындағы өзендер мен каналдар – баршаңызға ортақ табиғат байлығы. Осы су көздері біздің халықтарымызды, экономикамызды жақсіндырады. Сондықтан көршілес әрі достас елдермен бұл мәселе бойынша әрдайым өзара түсіністікке және келісімге келу керек.

Жан-жақты ойластырылған су саясатын жүргізу, трансшекаралық сударды пайдалану мәселелерін шешу – Үкіметтің алдында тұрған аса маңызды міндеттер.

Шаруалар мен өнеркәсіп өкілдеріне суға қатысты сапалы сараптамалар мен болжамдар керек. Бұл талаулар әр жылы және орта мерзімді кезеңде судың мөлшері қандай болатынын да қамтыу қажет. Сондықтан бәрін алдын ала жоспарлаған жөн.

Сондай-ақ ішкі су ресурстарын үнемдеп пайдалану өте маңызды. Суды үнемдейтін технология өте баяу енгізілуде. Суды сақтап пайдалану мәдениеті де жоқ.

Еліміздің кейбір өңірлерінде суды ең көп жұмсайтын ауыл шаруашылығы саласында оның 40 пайызы босқа ысырап болып жатыр. Су шаруашылығы нысандарының 60 пайызы тозып тұр. Олқылықтың орнын толтыру үшін өте батыл және шұғыл шаралар қажет.

Ең алдымен, суды үнемдейтін озық технологияны енгізу ісін тездетіп, оны қолдану аумағын жыл сайын 150 мың гектарға дейін кеңейту керек. Көктемгі қарғын суды жинау және оны егістікке қажеткенше құйма сіңіріп жоғалтып алмау мәселесін шешімін табуға тиіс. Өйткені өнім бәрі – ішкі су қорымыз. Ол үшін 20 жаңа бөген салу, кемінде 15 су қоймасына күрделі жөндеу жүргізу және 3500 шақырымдық каналды жаңғыртып, цифрлық тізсілмен бақылауға алу керек. Негізгі міндет – 2027 жылға қарай қосымша екі текше шақырым суға қол жеткізу.

Су үнемдейтін технологияларды енгізу – аса маңызды және шұғыл міндет. Сондықтан тиімді тәсілдер ұсыну қажет. Дегенмен біз дәл қазіргі жағдайда жаңа тариф саясатынан да аттап өте алмаймыз. Өбден ескірген инфрақұрылым әрең жұмыс істей тұр. Сондықтан жаңа инфрақұрылым салу – өте маңызды міндет, қазіргі нарықтың талабы. Суды нормативтер артық жұмсағандар оның ақсысын жоғары тарифпен төлеуі керек. Бір сөзбен айтсақ, суды барынша үнемдейміз қажет. Оған қоса судың «көлеңкелі» нарығы түбірімен жойылуға тиіс.

Халқымыз «Судың да сұрауы бар» деп бекер айтпаған. Су дегеніміз – үнемдеп пайдаланбааса, тез таусылатын шектеулі ресурс. Онсыз шаруалардың күні қаран. Сол себепті бұл салада заңсыздыққа жол берілмейді. Талапқа бағынбайтындар қатаң жазаға тартылады.

Еліміз үшін судың маңызы мұнай, газ немесе металлдан кем емес. Су шаруашылығы жүйесін тиімді дамыту мәселесін дербес мекеме айналысуы қажет деп санаймын. Сондықтан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Министрліктің аясында Ұлттық гидрогеология қызметі қайта құрылып жатқан болады.

Сондай-ақ еліміздің су шаруашылығын басқару жүйесіне түгел реформа жасалады. «Қазушар», «Нұра топтық су құбыры» және басқа да негізгі компанияларда өзгеріс болады.

# ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЛЫ»

## ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ

Жалпы, осы саланың материалдық жағдайын жақсартып, кадр мәселесін шешу керек.

Су тапшылығының артуы – Орталық Азия мемлекеттеріне ортақ мәселе. Суды үнемдеп пайдалану энергетика немесе көлік саласы сияқты аймақтағы ынтымақтастықтың тағы бір жаңа бағытына айналмақ. Үкіметке көрші елдермен бірлесіп, бұл мәселені жан-жақты пысықтауды тапсырамын.

Стратегиялық маңызы бар міндеттің бірі – көлік-логистика саласын әлеуетін толық пайдалану.

Қазір әлемде жаңа экономикалық кеңістік қалыптасып жатыр. Қытайдан Еуропаға, Ресейге, Орталық Азияға және осы аймақтардан Қытайға жіберілетін тауар көлемі айтарлықтай көбейеді деген болжам бар.

Қазақстан солтүстік пен оңтүстікті, батыс пен шығысты байланыстыратын жаһандық жолдырықта орналасқан. Бұл біздің елімізге зор мүмкіндік беріп отыр. Сондықтан көлік-логистика саласы экономикамызды алға бастайтын басты күштің біріне айналуға тиіс.

Қазір бәсеке күшейіп тұр. Осыған орай бірқатар маңызды мәселені шұғыл шешу керек. Ең алдымен, «Достық-Мойынты», «Бақты-Аяқөз», «Дарбаза-Мақтаарал» бағытындағы ірі теміржол жобаларын сапалы жүзеге асыру қажет. Оның қатарында Алматыны айналып өтетін теміржол желісі де бар.

Қазақстан көлік саласында Ресеймен және Қытаймен ынтымақтастығын жалғастыра береді. Біздің транзиттік әлеуетімізді нығайту ісінде Транскаспий бағдары айрықша рөл атқарады. Орта мерзімді кезеңде осы дәліз арқылы тасымалданатын жүк көлемі бәсе артуы мүмкін. Ол үшін Қытай, Әзербайжан, Грузия, Түркия сияқты серіктес мемлекеттермен бірге күш жымылдыруымыз қажет.

«Бақты» өткелінде жаңа «құрғақ порт» салу, Ақтаудағы контейнер хабының құрылысын тездету және Қара теңіз арқылы өтетін Орта дәліздің бойында тұрған аймақ әлеуеттерін арттыру керек. Қытайдың Сиань, Грузияның Поти қалаларында өз терминалдарымыздың құрылысы басталды. Бұл – Қытайдың «Бір белдеу, бір жол» мегажобасы біздің ұлттық бастамаларымызбен тоғысқанының нақты көрінісі.

Іргелес елдердің бәрімен, оның ішінде Ресей, Қытай, Орталық және Оңтүстік Азиядағы тату көршілерімізбен сындарлы әрі достық қарым-қатынаста болсақ, еліміздің көлік әлеуетін тиімді пайдалана аламыз.

Бізге теңіз инфрақұрылымын дамытуға арналған біртұтас жоспар керек. Онда Құрық портына айрықша мән берілуі тиіс. Құрық Ақтау порты сияқты толықандыра логистикалық кластерге айналдыруымыз қажет.

«Солтүстік-Оңтүстік» халықаралық дәлізі де өте маңызды. Сол арқылы Парсы шығанағына шығуа болады. Біртіндеп бұл бағыттағы теміржол желісінің өткізу мүмкіндігін екі есе арттыру керек. Алдымен «Болашақ-Челябинск» теміржол желісінің Қазақстандағы бөлігін жаңғыртуға кірісу қажет.

Халықаралық дәліздермен тиімді байланыс орнату үшін логистика қызметін толық ұсыну маңызды. Астана, Алматы, Шымкент және Ақтөбе әуежайлары мультимодальді орталық болуға тиіс. Бұл орталықтар бәсекеге қабілетті болу үшін жүктерді қабылдау және тарату қызметі сапалы атқарылуы қажет.

Жалпы, саланы дамыту үшін тариф және реттеу саясаты дұрыс жүргізілуі тиіс. Жеке инвестицияны көптеп тарту керек.

«Қазақстан темір жолын» толықандыру көлік-логистика компаниясы етіп қайта құру жұмысын жуық арада аяқтау қажет.

Сондай-ақ автокөлік жолдарының құрылысы мәселесі шешімін табуға тиіс. Қазір оның сапасы сын көтермейді. Тиісті жұмыстар уақытылы және сапалы жасалмайды. Жемқорлық белен алып тұр, бәсеке де жоқтың қасы. Мұның бәрі – осы салада әбден тамыр жайған кемшіліктер. Сондықтан жыл соңына дейін нақты шаралар қабылдау қажет. Міндетін адал атқармаған барлық компания заң бойынша жауапқа тартылады. Бұл мәселеге мен баса назар аударамын.

Бақылауды күшейтіп, жаңа нормативтік құжаттар қабылдау керек.

2029 жылға дейін 4 мың шақырымнан астам жолға күрделі жөндеу жүргізу қажет.

Жалпы алғанда, Қазақстан Еуразия құрлығындағы басты транзит хабы ретіндегі рөлін арттыруы керек. Осылайша, уақыт өте келе көлік-логистика саласындағы ірі мемлекетке айналуымыз қажет.

Көлік-логистика саласын қарқынды дамыту – стратегиялық міндет. Үш жыл ішінде оның ішкі жалпы өнімдегі үлесі кемінде 9 пайызға жетуге тиіс. Ол үшін саланы тиімді басқару өте маңызды. Сондықтан Көлік министрлігін қайта құрған жөн. Бұл министрлік жол инфрақұрылымын салумен де айналысады.

Менің цифрландыру ісіне және инновацияны енгізу мәселесіне баса мән беретінімізді баршаңыз білесіздер.



финтехті дамыту индексі бойынша әлем көшбасшыларының қатарында тұрмыз.

Былтырдың өзінде IT саласындағы экспорттымыз бес есе өсті. Жыл соңына дейін бұл көрсеткіш 500 миллион долларға жетуі мүмкін. Әрине, мұнымен шектелмейміз.

2026 жылға қарай IT қызметтерінің экспортын бір миллиард долларға жеткізу – Үкіметке жүктелетін жаңа міндет. Шетелдің ірі IT компанияларымен бірлескен кәсіпорындар ашу бұл іске септігін тигізгі сөзсіз. Үкімет осы мәселені мұқият зерделеуі, нақты ұсыныстар енгізуі керек.

Үкімет жасанды интеллектті дамыту ісіне баса назар аударуға тиіс. Әлемде алдағы бірнеше жылда осы салаға бір триллион доллардан астам инвестиция салынады деген болжам бар. Жасанды интеллект оны дамыта білген елдердің ішкі жалпы өніміне айтарлықтай үлес қосуы мүмкін.

Жасанды интеллекттің мүмкіндіктерін толық пайдалансақ, білім экономикасына тың серпін береміз. Жетекші халықаралық компаниялармен ынтымақтастық орнату керек. Білікті мамандар даярлауымыз қажет. Кемінде үш белгілі жоғары оқу орны жасанды интеллект саласына қажетті кадр даярлаумен және зерттеулер жүргізумен айналысуы керек.

Еліміз есептеу қуаттарын жаһандық тұтынушыларға сататын орынға айнала алады. Сондықтан ірі мәлімет орталықтарын салуға инвестиция тарту үшін түрлі жеңілдіктерді де қамту отырып, барынша қолайлы жағдай жасау керек. Сондай-ақ мәліметті сақтау және өңдеу саласында Қазақстанның мүддесін ілгерілету қажет.

Цифрландыру ісінде басшылыққа алынатын қағидағарды заң жүзінде бекітетін кез келді. Үкіметтен, сарапшылар қауымынан, Парламент депутаттарынан біртұтас салалық құжат әзірлеу мәселесімен айналысуды сұраймын.

Мен сайлау алдындағы бағдарламада «Гылым және технологиялық саясат туралы» заң қабылдау туралы бастама көтерген едім. Қазір әзірленіп жатқан заң жобасында экономикамызды ғылым мен инновацияға сүйеніп дамыту мәселесін логикасының көрініс табуы өте маңызды.

Бизнес-инкубатор, коммерцияландыру орталығы, технопарк, құрастыру бюросы сияқты инновациялық инфрақұрылымдар құруға қатысты жеке бастамаларға сөз жүзінде емес, нақты іспен қолдау көрсететін пәрменді шаралар керек. Шетелдің озық тәжірибесін пайдаланған жөн.

Венчурлық қаржыландыру тәсілі инновациялық жобаларды іске қосуға қажетті негізгі қаражат көзі болуға тиіс. Сондықтан жобаларға еліміздегі және шетелдегі инвесторлардың қызығушылығын арттыру үшін құқықтық және қаржылық мәселенің бәрін шешу қажет.

Келесі. Елімізді инновациялық жолмен дамыту үшін Астанада және Алматыда қажетті экожүйе қалыптастыруға мән беріліп отыр. Бірақ мұнымен шектелуге болмайды.

Мен аймақтарға барғанда дарынды әрі ойы ұшқыр, яғни креативті азаматтармен үнемі кездесемін. Біз олардың өз әлеуетін толық ашуына жағдай жасауымыз керек. Аймақтағы жоғары оқу орындарының негізінде біртұтас инновациялық экожүйе құру қажет. Оны нақты сектормен тығыз ынтымақтаса отырып жүзеге асырған жөн. Бұл жұмысты әрбір облыс орталығында жүргізу керек. Астана хабының тәжірибесін кеңінен пайдаланған жөн.

Экономиканы өркендетуге және халықты жұмыспен қамтуға ықпал ететін тағы бір бағыт – медиа, кино, музыка, дизайн, білім беру, аппараттық технология салаларын қамтитын креативті индустрия.

Қазіргі заманда азаматтардың шығармашылық әлеуетіне және зияткерлік капиталына арқа сүйейтін «креативті өндіріс» салалары шынайы инклюзивті экономиканы дамытудың

қайнар көзі саналады. Бұл аз десеңіз, креативті экономика дарынды әрі шығармашыл адамдарды өзіне тартатын ірі қалалардың дамуына ықпал етуші күшке айналуға. Қазақстанда бұл сала әлі дамымаған. Креативті индустрияның ішкі жалпы өнімдегі үлесі бір пайызға да жетпейді, жұмыспен қамту саласындағы үлесі өте төмен. Дегенмен дарынмен бүкіл әлемді мойындатып жүрген отандастарымыз аз емес.

Біз елімізде креативті экономиканың жан-жақты дамуына барлық жағдайды жасауымыз керек. Соның ішінде, зияткерлік меншікті қорғайтын құқықтық тәсілдер қажет. Бұл – өте маңызды мәселе.

Зияткерлік меншік дегеніміз – құрал-жабдық немесе технология сияқты кәдімгі мүлік. Қазір креативті индустрия орталықтары 3 ірі қалада (Астана, Алматы, Шымкент) шоғырланған, өңірлер назардан тыс қалып отыр. Бұл ахуалды түзеу қажет.

Дарынды азаматтарды өзіне тартатын орындар, яғни креативті индустрия орталықтары барлық облыс орталығында болуға тиіс. Онда креативті адамдардың өз өнімін коммерцияландыруына көмек көрсетілуі керек.

Креативті индустрия субъектілері өндіріс ерекшелігіне байланысты кәсіпкерлікті қолдау бағдарламаларына толық қатыса алмайды, қаржылай көмек те ала алмайды. Оларға қолдау көрсетуге арналған шаралардың жеке топтамасын әзірлеу қажет деп санаймын.

Енді орта кәсіпкерлікті дамыту мәселесіне тоқталғым келеді. Соңғы жылдары қабылданған шаралардың арқасында шағын және ірі бизнес тұрақты дами бастады. Алайда орта кәсіпкерліктің даму қарқыны әлі де бәсең. Жаңа экономикалық үлгіге көшу үшін оны «қолмен көтеруге» тура келеді.

Ең алдымен, орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажет. Орта кәсіпкерліктің басым бөлігі әбден дамыған кезде бөлшектеніп кетеді. Өйткені оларға шағын бизнес деңгейінде қалған әлдеқайда «қолайлы». Үкімет шағын бизнесті өзара бірігіп, ірі кәсіп иелері болуға ынталандыру үшін заңға өзгерістер енгізуі керек.

Еліміздің нарығында белсенді жұмыс істеп жатқан табысты орта кәсіпорындар көп емес. Оларға қолдау көрсету қажет. Мұндай кәсіпорындардың әрқайсысына қатысты нақты жоспар әзірлеу керек. Сол арқылы олардың өндіріс қабілетін арттырып, өнім көлемін екі-үш есе көбейту қажет. «Бизнесің жол картасы» және «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламаларын біріктірген жөн. Оны шағын және орта кәсіпкерлікті қолдайтын кешенді бағдарламаға айналдыру керек.

Мемлекеттік қолдау шараларын өндірістің технологиялық күрделілігіне және бизнестің нақты түріне қарай жіктеу маңызды. Оның операциялық тиімділігі жоғары болуы да өте маңызды. Сондықтан «Бәйтерек» холдингінің құрылымын өзгертіп, оны кең ауқымда цифрландырған жөн.

Экспортты ұлғайтуға айрықша мән беру керек. Оның әдіс-тәсілдері болғанымен, жүйелі ұстаным жоқ. Осы орайда, KazakhExport компаниясы экспортты дамытатын толыққанды институтқа айналады. Компанияға осы міндетті атқаруға қажетті құзырет берілуі тиіс. Бұдан бөлек, «Отбасы банктің» қызметін қайта қарау керек. Басты назарды облыс орталықтарына емес, аудандарға, моноқалаларға және ауылдарға аударған жөн.

Бәсекелестік дамымаса, бизнес те өркендемейді. Бұл – айдан анық. Қазір негізгі салалардың көбінде бірнеше ірі кәсіпорын басымдығына ие болып отыр. Бұл жағдай нарықтағы шынайы ахуалды көрсете алмайды.

Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі Үкіметпен бірлесіп, негізгі нарықтарды демонополизациялау үшін шаралар қабылдауға тиіс.

Біз сауда-саттықты өркендетуге жолмен жүргізу үшін тауар биржаларының жұмыс істеуіне қолайлы жағдай жасадық. Алайда реттеу жұмысының тиімділігі төмен болғандықтан, біреулердің ырқыннан шықпайтын тауар биржалары пайда болды. Олар бәсекелестікті жоятын, импорттың және өнімсіз делдалдықтың пайдасы үшін сатып алу рәсімдерін айналып өтетін орындарға айналды. Реттеу талаптарын күшейтіп, айтылған кемшіліктерден түгел арылу қажет.

Сонымен бірге сауда-саттыққа қатысты озық тәсілдердің еліміздегі өнім өндірушілеріне толық қолжетімді болуын қамтамасыз ету маңызды.

Ұлттық сауда жүйесімен ғана тұйықтаулы қалуға болмайды. Бизнеспен бірлесіп, мықты аймақтық тауар-шикізат биржасын құру мәселесін пысықтау қажет.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Қазір монополияға қарсы органның заңсыздықтарды жою үшін шұғыл шаралар қабылдайтын мүмкіндігі жоқ. Монополияға қатысты істердің үштен екісінде тергеу басталмай жатып, сотқа шағым түседі. Біз соттағы дау-дамай қылдарға созылуы мүмкін. Соның кесірінен құзырлы мекеменің жұмысы тоқтап қалады. Сондықтан Үкімет Парламентке тиісті заңнамалық түзетулер енгізуі керек.

Келесі маңызды мәселе – мемлекеттің экономикаға ықпалын азайту. Қазір жекеменшікке заңсыз өткен және шетелге шығарылған бірқатар активтер мемлекетке қайтарылуда. Біз ашық өрі бәсекеге қабілетті экономика құрып жатырмыз. Сондықтан қайтарылған активтің бәрін ашық түрде және мемлекет үшін тиімді шартпен нарыққа шығару керек.

Жалпы, жекешелендіру және халықтық IPO жұмыстарын барынша тездету қажет. Басты мақсат – активтерді басқару ісінің ашықтығын және тиімділігін барынша арттыру. «Самұрық-Қазына» қорының бейінді емес активтерінің бәрі жекеменшікке және халықтық IPO-ға өтуі керек.

Үкімет бұл жұмысты 2024 жылдан бастап қолға алады. Келесі жылы «Air Astana» компаниясы халықтық IPO-ға шығарылады. «QazaqGaz» кәсіпорны да осы жұмысқа дайындалуы керек. Ірі компаниялардағы мемлекет активтері саудаға шығуға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – кәсіпкерліктің бүгінгі ахуалы. Билік пен бизнестің арасында сындарлы диалог болуы қажет. Қазіргі өтпелі кезеңде мемлекеттік органдардың кемшілікке жол беретіні, кейде асыра сілтейтіні жасырын емес. Сондықтан экономикалық сипаттағы кейбір заң бұзу әрекеттерін қылмыс санатынан алып тастау жұмысын жалғастыру қажет. Бұл жерде сөз кәсіпкерлерге және олардың экономикалықтеріс әрекетіне қатысты істер туралы болып отыр. Салық саласында заң бұзғандарды қылмыстық жауапкершілікке тартуға негіз болатын шекті анықтайтын әділ механизм енгізу қажет.

Құқық қорғау органдарының кәсіпкерлерді қудалауын біржолата тоқтату керек. Мұндай әрекеттерге тыйым салынған. Бірақ, соған қарамастан, әлі де жалғасып жатқанын білемін. Осындай мәліметтер кейде әдейі таратылып жатады, тіпті, олар жалған болуы да мүмкін. Қалай десек те, бұл – назардан тыс қалдыруға болмайтын мәселе. Кәсіпкерлікке қолдау көрсету, саланы реттейміз деген желеумен жасалатын қысымды азайту және бәсекелестікті дамыту мәселелерін мұқият талқылау қажет. Сондықтан мен жуық арада еліміздің бизнес өкілдерімен арнайы кездесу өткіземін.

Келесі мәселе. Біз макроэкономикалық саясатты қайта қарап, жаңартуымыз керек. Мен жаңа ғана экономика салаларындағы реформалардың негізгі бағыттарын айқындап бердім. Оның бәрін табысты жүзеге асырудың басты шарты – макроэкономикалық тұрақтылық. Бұл – аксиома. Қаржы, салық-бюджет және ақша-несие саясатын үйлестіру керек.

Инвестицияның жетіспеуі эконо-

миканың өсімін тежеп тұрған басты мәселе болып тұр. Инвестицияның тапшылығы болашақта тоқырауға әкеп соқтырады.

Былтыр негізгі капиталға салынған қаражат ішкі жалпы өнімге шаққанда небәрі 15 пайыз болды. Бұған негізінен еліміздегі банктердің экономиканы дамытуға белсенді атсалыспауы себеп болып отыр. Мұндай ахуал Үкіметті тікелей қаржыландырумен, кепілдік және субсидия берумен айналысуға мәжбүрлейді. Бұл тәсіл тиімсіз, көп қаражатты талап етеді өрі нарықтық экономика қағидаларына қайшы келеді.

Сонымен бірге нақты секторға берілетін кредит азайып жатқанда банктер тұтыну несиесімен әуестеніп кетті. Осы жағдай қаржы жүйесіне төнетін сын-қатерлердің көбеюіне және азаматтардың шектен тыс қарызға батыуына әкеп соқтырды.

Менің 2019 жылы 500 мың азаматтың кепілсіз несиесін кешіру туралы шешім және жақында қабылданған жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заң мәселелерін біршама реттеді. Бірақ ахуалды біржолата түзеу үшін жаһандан жүйелі шаралар қабылдау қажет. Сонымен қатар азаматтардың қаржы сауатын арттыру өте маңызды.

Бұл ретте «Amanat» партиясының «Қарызсыз қоғам» жобасын ерекше атап оту қажет. Соның арқасында еліміздің 8 аймағында 20 мыңнан астам адам қаржылық сауатын арттырды. Олардың көпшілігі – 10 және одан да көп несие алған адамдар. Бұл жоба аз уақытта өзінің тиімділігін көрсетті. Үкіметке «Amanat» партиясымен бірлесіп, оның ауқымын кеңейтуді тапсырамын. «Қарызсыз қоғам» жобасының игілігін бүкіл еліміз көруі қажет.

Корпоративті салаға берілетін несиенің жеткіліксіздік мәселесін шешу керек. Экономиканы ақша керек. Былтыр банктердің заң пайдасы бір жарым триллион теңгеге жуықтады. Ал осы жылдың бірінші жартысында – бір триллион теңгеден асып кетті. Банктер тиімді жұмыс істегенін арқасында емес, негізінен Ұлттық банк инфляциямен күресу үшін базалық мөлшерлемені жоғары деңгейде ұстап тұрғандықтан, осындай мол пайдаға кенелді.

Үкімет пен Парламенттің бұл пайданы мемлекет мүддесін ескере отырып, неғұрлым әділ бөлу мүмкіндігін қарастырығаны жөн. Қаржы ұйымдарының салық салынбайтын мемлекеттік құнды қағаздарды сатып алудан түскен орасан зор табысына қатысты да сұрақтар бар. Мұнда қисын да, мемлекеттік ұстаным да жоқ. Үкімет ешбір ақылға сыймайтын осы мәселені анықтап жатыр. Соған сәйкес заңдарға түзетулер әзірленіп, Мәжіліске енгізіледі. Депутаттардың оны мұқият қарауын сұраймын.

Сонымен бірге банктерді корпоративті несиені беру ісіне белсене қатысуға, яғни кәсіпкерлерді қолдауға ынталандыру керек. Банк қызметінің басқа түрлеріне қарағанда бизнеске несиені беру ісі банктерге пруденциалды және фискалды реттеу тұрғысынан анағұрлым тиімді болуы керек. Мұның оңай еместігін, күрделі мәселе екенін түсінемін. Үкіметке және қаржы саласын реттейтін мекемелерге бір жылдың ішінде осы маңызды мәселеге қатысты өздерінің кесімді байламын айтуды тапсырамын.

Банктердің «қозғалыссыз жатқан» 2,3 триллион теңгелік активтерін нақты шаралар қабылдау қажет. Бұл ретте осы активтерді иелену ниет танытқан бизнес өкілдерінің оны алып, экономикаға қайтаруына мүмкіндік беретін ашық цифрлы платформа құруды тапсырамын.

«Ұзақ мерзімге арналған қаражат» нақты секторға барынша қол-жетімді болу үшін бірлескен және синдикатталған несиені беру тәсілін кеңінен қолдану керек.



## «ӘДІЛЕТТІ ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЭКОНОМИКАЛЫҚ БАҒДАРЫ»

## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ҚАСЫМ-ЖОМАРТ ТОҚАЕВТЫҢ ҚАЗАҚСТАН ХАЛҚЫНА ЖОЛДАУЫ



Сондай-ақ өнеркәсіп өкілдері мен кәсіпкерлер несиенің бәрін жұтып қоймауы қажет. Олар экономиканы дамытуға ықпал ететін сапалы жобалар ұсынуға тиіс. Коммерциялық банктің қызығушылығын арттыру үшін олар стратегиялық жобаларды қаржыландыруға кезде даму институттарының кепілдігін беру мүмкіндігін қарастыру қажет.

Банк саласындағы тағы бір өзекті мәселе – барлығы бірнеше банктің қолында шоғырланған. Қазір Қазақстанда 21 банк бар. Бірақ корпоративтік секторға несие берумен, яғни экономикалық жобаларды қаржылаумен бірнеше ірі банк қана айналысады. Сондықтан осы саладағы бәсекені арттыру үшін елімізге шетелден сенімді үш банкті тартқан жөн.

Жалпы, нақты секторға берілетін несие көлемінің жыл сайын 20 пайыз және одан да жоғары деңгейде өсуді қамтамасыз ету – маңызды міндет.

Экономиканы қаржыландыру көздері жайлы сөз болғанда Ұлттық қордың қаражатын пайдалану қажеттігі туралы жиі айтылады. Сарапшылар Қордың жинақтау және дамыту рөлін артқысына жөнінде дауласып жатады. Әрине, қаржыны жинақтап, сақтау негізгі міндет болуға тиіс.

Ұлттық қордың қаражатын күтпеген сын-қатерлерге тап болған жағдайда қаржы тұрақтылығын қамтамасыз етуге едәуір кепілдік береді.

Дегенмен Қордағы қаражаттың белгілі бір бөлігін Қазақстанның болашағын айқындайтын стратегиялық жобаларды қаржыландыру үшін пайдалануға болады. Тіпті қазірден бастап соған жұмсау керек.

Ұлттық қор әлден-ақ бірқатар ірі жобаны қаржыландырып жатыр. Алайда сол жобаларды іріктеу ісінде жүйелілік жетпейді. Сондықтан Ұлттық қордың әрбір теңгесін айтарлықтай пайда әкелуі үшін барлық ұсынысқа жан-жақты сараптама жасалуын қамтамасыз ету қажет.

Капиталды қайтару туралы заң аясында құрылып жатқан қор «ұзақ мерзімге арналған қаражаттың» тағы бір көзі бола алады. Түскен қаржының бәрі елдік мәселелерді шешу үшін барынша тиімді және ашық жұмсауға тиіс.

Тағы бір маңызды мәселе – қор нарығын дамыту. Қазір Қазақстанда екі қор биржасы бар. Олар жұмыс барысында көбіне бір-бірі қайталайды, тіпті өзара бәсекеге түсіп жатады. Еліміздің қаржы жүйесі үшін бұл тым артық. Ішкі нарықтың көлемін және тартымдылығын арттыру үшін осы биржалардың әлеуетін біріктіріп, бір жерден басқару мәселесін қарастыру қажет.

Төлем жүйелерінің тұрақтылығын сақтау да өзге өзекті мәселенің бірі болып отыр. Былтыр Ұлттық банк ұлттық төлем жүйесінің бірінші бөлігі – жылдам төлемдер жүйесін іске қосты. Қазіргі таңда бұл жүйе пилоттық режимде жұмыс істеп жатыр. Ұлттық банкке 2024 жылы Ұлттық төлем жүйесін толық енгізу жұмысын аяқтауды тапсырамын.

Енді тағы бір аса маңызды мәселеге, яғни бюджет саясатына тоқталайық. Мен былтыр «бюджетті басқарудан» «нәтижені басқару» тәсіліне көшу арқылы бюджет жүйесін реформаға аудардым. Бұл мәселе жаңа кодексті қабылдаған соң шешімін табады. Бюджет үдерісінің ашықтығы, оған қатысушылардың жауапкершілігі мен дербестігі арта түседі.

Сонымен бірге бюджет саясатының тиімділігін арттыру үшін әрдайым жаңа мүмкіндіктер мен тәсілдерді пайдалану қажет. Сондықтан Үкіметке бірнеше министрлік пен аймақтар үшін пилоттық режимде толық бөлшектенген бюджет жобасын енгізуді тапсырамын.

Келесі. Аймақтарға қатысты саясатта маңызды реформалар жүргізілді. Соның нәтижесінде өкімдерді тікелей сайлау тәсілі енгізіліп, өкімшілік реформа қолға алынды. Бұл

ретте бюджетаралық қатынастарды түбегейлі өзгерту де өзекті мәселе. Жаңа экономикалық үлгіге көшкенде аймақтардың бюджет мәселесіндегі дербестігін арттыру керек.

Корпоративтік табыс салығынан және басқа төлем түрлерінен түсетін кірістің бір бөлігін өңірлерге беру оң нәтиже көрсетті.

Былтыр аймақтар табысының өсімі 30 пайыздан асты. Сондықтан реформаның келесі кезеңінде осы норманы өзге де салықтарға, оның ішінде қосымша құн салығына да қатысты қолдану қажет. Мұндағы міндет – бюджеттің екінші деңгейіне кем дегенде екі триллион теңге қосымша қаражат беру.

Кезең-кезеңімен жүргізілген фискалды орталықсыздандыру жұмысының нәтижесінде жергілікті бюджет кірісінің құрылымындағы республикалық бюджеттен бөлінетін трансферттің үлесі орта есеппен 25 пайызға дейін төмендеуге тиіс (қазір бұл көрсеткіш 50 пайызға жуық).

Сонымен қатар аудан өкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл, ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет.

Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпіліс әкелмек. Ұсынылып отырған бастама өте маңызды. Келешекте аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді. Сол себепті барлық өкім бюджетаралық қатынастарды жаңа үлгісіне көшу кезінде оның біртұтас мемлекетімізге тиістігін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек.

Тағы бір маңызды мәселе бар. Мен бұдан бұрын экономиканың түрлі секторларындағы салық мөлшерлемесін саралау туралы айтқан едім. Бұл шара салық жүктемесін өндiрiстiң күрделiлiгiне қарай бөлудi қамтамасыз етеді.

Кәсіпкерлер қосымша құн салығын қайтару рәсімінің күрделі екені кезінде орынды мәселе көтеріп, шағымданып жүр. Бұл жайт еліміздегі инвестициялық ахуалға кері әсерін тигізеді. Үкімет көптен бері түйінні тұрқайып келе жатқан осы мәселені шұғыл шешуге тиіс. Сондай-ақ салық жеңілдіктерін беру тәртібін реттеу қажет. Олар экономикалық ынталандыру шараларының нысаналы тәсілі болуы керек. Жиналған салық – салынбай қалған ауруханалар, мектептер мен жолдар деген сөз. Салық жеңілдігін сын көзбен зерделеп, оның көлемін кем дегенде 20 пайызға қысқарту қажет. Қалған жеңілдіктер жекеменшi жобалар мен тұлғаларға байланып, нақты ереже бойынша берілуі керек.

Салықтық әкімшілендіру мәселесіне келсек, фискалды органдар мен салық төлеушілердің қарым-қатынасын қызмет көрсету үлгісіне көшірген жөн. Басты мақсат жазалау емес, ескерту болуға тиіс.

Салықтық бақылау ісін толық цифрландырып, есептілік формаларын 30 пайызға қысқарту қажет. Салықтың және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдердің санын кемінде 20 пайызға азайту керек. Айтарлықтай түсінік әкелмейтін төлемдерді толығымен алып тастап, қалғандарын біріктіруге болады.

Бөлшек салықты енгізу мәселесі қажетті бастама болғанына көзіміз жетті. Осыны ескере отырып, Үкімет оны қолдану аясын екі есе кеңейтеді. Сондай-ақ үдемелі салық салуды енгізу жұмысын жеделдеткен жөн.

Салық саясатын қайта қарап, өзгерту үшін Үкімет пен Парламент батыл әрі жан-жақты ойластырылған шешімдер қабылдауы керек.

Тағы бір мәселені атап өту қажет. Азаматтардың мүддесі мен сұранысы – Қазақстанның экономикалық даму стратегиясының өзегі. Яғни, адамның қажеттілігі әрдайым басты назарда болады. Сол үшін біз шикізатқа тәуелді болудан біртіндеп арылуымыз қажет.

Бұл жұмыс табанды түрде жүргізілуі тиіс.

Елімізде жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Жыл соңына дейін халқымыздың саны 20 миллионға жетеді. Өмір сүру ұзақтығы да артып келе жатыр. Былтыр бұл көрсеткіш 74 жастан асты.

Қазақстан – әлемдегі ең жас мемлекеттің бірі. Азаматтарымыздың орташа жасы – 32 жас. Тұрғындардың үштен бірі – жастар.

Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану.

Адал азамат және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз өрі алансыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз.

Мен Мемлекет басшысы ретінде кемелетке толмағандарға жасалған зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қатысты жазаны күшейтуді талап етемін.

Жол, ғимарат, киім-кешек, азық-түлік, яғни барлығы балалар үшін қауіпсіз болуы керек. Сондай-ақ өскелең ұрпақтың психикалық саулығы – өте маңызды мәселе.

Білім беру мекемелеріндегі психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту қажет. Бірыңғай сенім телефонның ұйымдастырылған жөн. Зорлық-зомбылық және қысымға, яғни буллинге тап болғандарға көмек көрсетуге арналған бағдарлама әзірлеу керек.

Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мүғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет.

Бәрiне бiрдей бiлiм беру үшiн интернет жылдамдығы жоғары және бiлiм берудiң цифрлы ресурстары тегiн әрi қолжетiмдi болуы шарт. Бiлiм беру жүйесi еңбек нарығының сұранысына қарай өзгерiп отыруы керек.

Ұлттық экономиканың бірқатар саласында кадр тапшылығы қатты сезіледі. Әсіресе, техникалық және жұмысшы мамандар жетіспейді. Сондықтан осы салаларға қатысты білім берумен мықтап айналысқан жөн.

Оқу орындары тұлғаларға жұмыс бере алатын мекемелермен ұзақ мерзімге арналған әріптестік орнатуы қажет. Экономиканың басымдықтарына, аймақтың және саланың ерекшеліктеріне байланысты тиімді қаржыландыру тәсілдері керек.

Еліміздегі демографиялық өсім білімге деген сұранысты арттырады. Мемлекеттің білім саласына қатысты жұмысында тұтастық, яғни жүйе жоқ. Тіпті өзара байланыс жоқ деуге болады. Сондықтан бес жастан асқан балаларға арналған «Келешек» атты бірінғай ерікті жинақтау жүйесін енгізуді тапсырамын.

Бұл бағдарламада мемлекет тарапынан ұсынылатын бастапқы білім беру капиталы, жыл сайынғы мемлекеттік сыйақы және инвестициялық табыс қарастырылуға тиіс. Осы жинақ пен «Ұлттық қор – балаларға» жобасының қаражаты қосылғанда жас ұрпақтың сапалы білім алуына мүмкіндік туады.

Қазір еңбек нарығында ауқымды өзгерістер болып жатыр. Онда цифрлы экономиканың ролі арта түспек. Платформалық жұмыспен қамту жүйесіне қызығушылық артып келеді. Осы секторда қазірдің өзінде жарты миллионнан астам адам жұмыс істейді. Алайда олардың еңбек құқықтары толық қорғалмаған. Сондықтан осы санаттағы азаматтардың еңбек құқықтарын қорғаудың нақты тәсілдерін әзірлеп, платформалық жұмыспен қамту мәселесін түгел реттеу қажет.

Өндірістік жарақат алуының жиілеуі өте өткір мәселе болып отыр. Үкімет 2030 жылға дейінгі қауіпсіз еңбек тұжырымдамасын осы жылдың соңына дейін қабылдауға тиіс. Бұл құжат жұмыс орындағы кәсіби сынақтардың алдын алуға және жоюға бағытталуы керек.

Менің тапсырмаммен Үкімет зиянды еңбек жағдайында ұзақ уақыт

жұмыс істеп жүрген адамдарды әлеуметтік қолдау тетіктерін әзірледі. Бұл бұрыннан талқылаып жүрген мәселе болатын, енді шешімі табылды. Оның мынадай өлшемдері бар. Жұмысшылардың осы саланы дамытуға сіңірген еңбегі және денсаулығына зиян келгені ескеріле отырып, оларға зейнет жасына толғанға дейін, атап айтқанда, 55 жастан бастап арнаулы әлеуметтік төлем төленеді. Парламенттен Үкіметтің ұсыныстарын жедел қарауды сұраймын. Азаматтар осы мәселе шешімін табады деп күтіп отыр.

Келесі. Біз бұған дейін уәде бергеніміздей, Үкімет ең төменгі жалақы мөлшерін біртіндеп өсіре береді.

Азаматтардың табысын арттыру үшін 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап ең төменгі жалақы мөлшерін 85 мың теңгеге көтеруді тапсырамын. Осылайша, біз еңбекақының екі есе көбейттік. Бұл шара 1 миллион 800 мың адамның, оның ішінде бюджет саласында еңбек ететін 350 мың азаматтың әл-ауқатын арттыруға септігін тигізеді.

Жалпы, еңбек нарығын жан-жақты дамыту үшін Үкімет қысқа мерзімде 2030 жылға дейінгі кешенді жоспарды бекітуі керек.

Жаңа экономикалық саясаттың қағидалары мен басымдықтарын нақты айқындаумен қатар, алдағы реформаларды сапалы әрі толық жүзеге асыру өте маңызды. Оның табысты болуы мемлекеттік қызметшілердің біліктілігіне, жауапкершілігіне және саяси ерік-жігеріне тікелей байланысты.

Реформалардың іске асырылуына негізінен атқарушы билік жауап береді. Сондықтан, ең алдымен, оның өзін өзгерту қажет. Осы саладағы реформаның басты бағыттары мынадай.

Біріншіден, нақты салаларға қатысты шешімдерді әзірлеу және орындау міндеті, сондай-ақ түпкі нәтиже үшін жауапкершілік толығымен министрлерге жүктеледі. Өйткені олар өзінің бұйрығымен жедел шешім қабылдап отыруға тиіс. Бұл – өкімдерге де қатысты мәселе.

Екіншіден, экономикалық саясаттың іске асырылуына Үкімет толығымен жауап береді. Бюрократияға және сөзбұйыраға салынбай, Президент Әкімшілігіне жалтақтамай, экономиканы дербес басқарудың барлық әдіс-тәсілдерін қолында ұстауға тиіс.

Үшіншіден, Президент Әкімшілігі басты «саяси штаб» ретінде мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық дамытуындағы стратегиялық бағыттарына, ішкі және сыртқы саясат, қорғаныс және қауіпсіздік, құқық және кадр саясаты мәселелеріне барлық күш-жігерін жұмылдырады.

Мемлекеттік аппаратты бюрократиядан арылту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді. Мемлекеттік жоспарлау жүйесін түбегейлі өзгерту қажет. Бізге оның мейлінше шағын және қолайлы болғаны маңызды. Сондай-ақ тапсырмалардың орындалуын бақылау және бағалау жұмысын да қайта қарауымыз керек. Бұл – жұртшылықтың сұранысы. Басқаша айтқанда, қазір қоғамда жаңа әдіс-тәсілдерге, жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныс аса жоғары. Сондықтан саяси мемлекеттік қызметшілердің резерві құрылады, соның арқасында «қосымша кадрлар тобы» қалыптасады.

Қазір кадр тапшылығы өзекті мәселе болып тұрған кезде мұндай қадам өте маңызды. Жоғары лауазымға ие болғысы келетіндер көп, бірақ олардың біліктілігі тиісті талапқа сай келмейді. Демек, кадр мәселесін міндетті түрде қолға алуымыз керек, сапалы мамандар тәрбиелеу қажет. Бұл ретте саяси партиялардың кадрлық әлеуетін де пайдаланған жөн.

Аймақтағы атқарушы биліктің шешім қабылдау ісіне азаматтардың тікелей қатысу мүмкіндігін біртіндеп арттыру да маңызды. Ауыл, кент және ауылдық округ өкімдерін тұрғындар өздері сайлай бастағанына екі жылдан

асты. Содан бері ауылдық деңгейдегі өкімдердің төрттен үшi сайланды. Енді аудан және облыстық деңгейдегі қала өкімдерін сайлап көрейік.

**Қадірлі отандастар!**

Еліміздің экономикасын дамытуға қатысты бүгін айтылған жоба-жоспардың бәрі нақты зерттеліп, есептеліп жасалды.

Бүкіл экономикалық жүйені шұғыл түрде түбегейлі қайта қарап, өзгерту арқылы елімізді өркендетеміз, халықтың әл-ауқатын арттырамыз.

Реформаның басты мақсаты – экономиканың тұрақты өсімін 6-7 пайызға жеткізу және 2029 жылға қарай ұлттық экономиканың көлемін 2 есеге ұлғайту, яғни 450 миллиард долларға жеткізу. Әрине, бұл – ауқымды әрі күрделі міндет. Бірақ біз еліміздің байлығын, табысын азаматарымыздың арасында әділ бөлуіміз қажет.

Бір сөзбен айтқанда, экономикалық өсімнің игілігін әрбір азаматымыз көруі керек. Бұл – принципті мәселе.

Еліміздің болашағы баянды болсын десек, бұл стратегиялық міндетті қалайда орындауға тиіспіз.

Мен еліміздің даму бағдары туралы пайымдарымды үнемі айтып жүрмін. Соны тағы да қайталағым келеді.

Біз болашақта қандай ел болатынымызды нақты білеміз.

Бәрiне бiрдей мұмкiндiк беретiн өркениеттi ел – Әдiлеттi Қазақстанды құрамыз. Заң және тәртіп, өзара түсіністік, тілектестік пен жауапкершілік бәрiнен биік тұратын тиімді мемлекет боламыз. Қоғамдық тәртіпті бұзатын кез келген арандатушылық әрекетке қатаң тосқауыл қою қажет. Өкінішке қарай, құқық қорғау мекемелері және аймақ басшылары осы жұмысты дұрыс атқармай отыр. Басқа сөзбен айтқанда, заң үстемдігін қамтамасыз етпейді. Соның салдарынан қоғамымызда ұдайы келенсіз оқиғалар болып жатады.

Мысалы, даладағы, көшедегі вандализм, кейбір азаматтарымыздың тәртіпсіздігі, мәдениетсіздігі, неше түрлі тұрмыстық жанжалдар еліміздің халықаралық аренадағы абыройына нұқсан келтіретін болды.

Тағы да айтамын: біздің негізгі мақсатымыз – заңды қатаң сақтау, қоғамдық тәртіпті қамтамасыз ету.

Біз мәдениетті, білімді, ғылымды дамыту арқылы қазіргі ашық әлемнің бір бөлігі болуға ұмтылуымыз керек. Алдымызға қойған биік мақсатқа жету оңай болмайды. Бірақ бүкіл ел болып бірлесіп, бұл – қолдан келетін шаруа. Халық, бизнес және билік өкілдері бар күш-жігерін жұмылдыруы керек. Сонда ғана мемлекетіміздің қазіргі даму үлгісін түбегейлі өзгерте аламыз, кедергінің бәрін жеңеміз.

Жалпы, әлемдегі ахуалдың күрделі екенін көріп отырсыздар. Барша адамзат түрлі сын-қатермен бетпе-бет келуде. Көптеген ел табиғи апатты, электр қуаты мен азық-түлік тапшылығын бастан өткеруде. Мамандардың айтуынша, былтырғы шілде әлем тарихындағы ең ыстық ай болды. Көптеген елде инфляция өршіп, қымбатшылық болып жатыр. Мемлекеттер арасында түрлі текетірес, қарулы қақтығыс белең алды. Босқындардың саны 110 миллионнан асты. Мұның бәрі Қазақстанға да салқынын тигізеді. Бірақ біз жаһандық дүрбелең дәуірінде өз бағдарымыздан аздамаймыз.

Әрiне, даму жолымыз әрдайым теп-тегiс, даңғыл болмайды. Ешкiм де сырттан келiп, Қазақстанды көрeйтiп жiбермейдi. Ол үшін еліміздің әрбір азаматы заман талабына сай болуға тиіс. Жалпы, халқымыз осындай дағдарыс кезінде біртұтас болуы керек. Басқа жол жоқ.

Әдiлеттi Қазақстанды құрамыз десек, саяси-экономикалық реформа жасау жеткіліксіз. Ең бастысы, қоғамдық сана, азаматтардың ниеті өзгеруі керек. Оның басқа жұмыстың бәрі бекер. Мен бұл туралы Ұлттық құрылтайдың екінші отырысында нақты айтып.

Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыру еліміз үшін айрықша маңызды. Әрбір азаматымыз, әсіресе, жастар ең жақсы қасиеттерді бойына сіңіруі қажет. Оның бәрі бірігіп, біртұтас қоғамдық қасиетке айналады. Әркім отаншыл, білімпаз, еңбек-қор, тәртіпті, адал, әділ, үнемшіл әрі жанашыр болса, алынбайтын асу жоқ. Абайдың «Толық адам» ілімінен бастау алатын «Адал азамат» тұжырымдамасының түпкі мәні – осы.

Тағы да қайталаймын: Әдiлеттi Қазақстан және Адал азамат ұғымдары егiз құндылық ретiнде әрдайым қатар жүруге тиiс. Шын мәнінде, адалдық жоқ жерде ешқашан әділдік болмайды.

Әрбiр адам iсi мен сөзi бiр жерден шығатын Адал азамат болса, әдiлдiк орнайды.

Қазақстан – бiздiң жалғыз ғана Отанымыз. Оның iргесi берiк, керегесi кең, төрт құбыласы түгел болуы – өз қолымызда. Бабалардан мирас болған ұлан-ғайыр жердi қорғау, оны өркендету – бiздiң перзенттiк парызымыз.

Мен еліміздің әрбір азаматын осы қасиетті парыза адал болуға шақырамын.

Берекелі бірлігімізді сақтап, табанды еңбек етсек, Отанымызды көркейтiп, ұрпаққа дамыған мемлекет ретiнде табыстасқа, бабалар аманатына адалдық деген – осы!

## ПІКІР-ПАЙЫМ

# СУДЫ ҮНЕМДІ ПАЙДАЛАНУ – ДАҒДАРЫСТАН ШЫҒУ ЖОЛЫ

Парламент палаталарының күні кешегі бірлескен отырысында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев Қазақстан халқына Жолдауын жариялады. Елдің алдағы әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары туралы айтты.

Жолдауда алдағы міндеттерді саралап, негізгі бағыттарды белгілеген Президент алдағы кезеңде жаңадан Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылатынын атап өтті. «Су ресурсы – еліміздегі өзекті мәселелердің бірі. Әсіресе, судың сапасы және оның халыққа қолжетімді болуы аса маңызды болып тұр. Жыл өткен сайын халқымыздың саны да, экономикамыз да өседі. Бұл – қалыпты құбылыс. Сол себепті 2040 жылдарға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін», – деді Президент.

Шындығы керек, XXI ғасырдың ең өзекті проблемасы – су. Расында адамзат үшін ауадан кейінгі қажеттілік суда. Сусыз тіршілік тығырлыққа тіреліп, жойылу қаупі төнеді. Ал су – шектеулі ресурс. Қазір әлем елдері арасында оның көзін иелену үшін күрес шиеленісіп, кейбір аймақтарда геосаясаттың аса маңызды факторына айналып келеді. Бүгінде су қорының проблемасы ең өткір болып отырған аймақ – Африка және Орталық Азия. Оның ішінде Қазақстанның жағдайы – өте күрделі.

Елдегі су ресурсының 40% астамын құрайтын Ертіс, Іле, Сырдария, Жайық, Тобыл, Есіл және Шу секілді елдің бас өзендері қоршап Ресей, Қытай, Тәжікстан, Қырғызстаннан бастау алады. Оған Сырдарияның Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтетінін қосыңыз. Бұл жалпы су жағдайы бойынша сырт елдерге тәуелділікті көрсетеді.

Президентіміз аталған өзекті мәселені саясилайдырғанда жол бермей, трансшекаралық өзендердің жоғары ағысында орналасқан мемлекеттермен нәтижелі келіссөз жүргізіп, тиісті көлемдегі судың бөлінуіне жағдай жасады. Ал осы өзендер арқылы ел аумағына келген суды тиімді пайдалануды үйлестіру – Үкіметтің тікелей жауапкершілігі.

Бір ғана Ертіс өзенін алайық. Қара Ертіс болып басталатын өзеннің 40%-ға жуық көлемі Шығыс Қазақстан, Абай және

Павлодар облыстарының аумағынан өтеді. Демек солтүстік пен шығыстағы өндірістік аймақтардың дамуына Ертістің тікелей әсері бар. Бірі – ауызсу ретінде, екіншісі – аяқсу, үшіншісі – өндірістік су ретінде көдеге жаратып отыр, яғни Ертістің суына елдің бес ірі орталығы байланып тұр.

Оңтүстіктегі жағдай да осыған ұқсас. Мәселен, Сырдария өзенінің жағдайын қысқаша шолайық. Ішкі нарықты Түркістан облысының Жетісай, Мактаарал, Шардара аудандары мақта, жеміс-жидек пен бақша дақылдарының жартысына жуығымен қамтып, Қызылорда облысы күріштің 90% өндіріп отыр десек, мұның бәрі Сырдың ырысы екендігі анық.

Бастауын Қырғызстаннан алатын Сырдария өзені Тәжікстан, Өзбекстан аумағынан өтіп, шығыстан батысқа қарай екпіндей ағып, Аралдан енгізіп басады. Бұрындары осындай еді. Иә, сырбаз Сырдың суы Аралдың толқындарымен қауышып, теңіз жағалаған жұрттың қуанышы болатын. Өкінішке қарай, қазір Арал теңізі мен Арал қаласының арасы құмды төбелерге айналып, «Үлкен Аралдан» біржолата айырылып қалдық. Ендігі міндет – «Кіші Аралды» сақтап қалу.

Су ресурсы ретінде елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі тірегі. Бұларсыз өндіріс пен ауыл шаруашылығы саласын дамытып, сыртқа тасымалдап, табыс табу әсте мүмкін емес. Осы орайда, Мемлекет басшысы өз Жолдауында су үнемдеу технологиясын кенінен енгізу, суды шақтап пайдалану мәдениетін дамыту, жаңа тариф саясатын қалыптастыру жөнінде кеңінен тоқталып, атқарушы органдардың алдына нақты міндеттер қойды.

Шындығындада, көптеген сарапшылардың пайымдауына гидрометеорология саласының мамандарын даярлау жұмыстары да жетілдіруді қажет етеді. Президенттің тапсырмасы аясында жаңадан құрылатын Су ресурстары және ирригация министрлігі қалыптасқан жағдайды шұғыл арада сараптап, барлық деңгейдегі су шаруашылығында саланың жұмысын тиімді үйлестіруді қолға алуы тиіс.

Қолданатын су заңнамалары да заман талабына сай жетілдіруді қажет етеді. 2003

жылы қабылданған «Су кодексі» өзгерістер мен толықтыруларға көп ұшырағанының салдарынан құқық қолдану реттілігі төмендеп кеткені байқалауда. Сондай-ақ, қазіргі кодекс суды шаруашылық мақсатқа пайдалану тәртібін ғана реттейді және су ресурстарын сақтауға және оны тиімді пайдалануға мүмкіндік бермейді. Сондай-ақ, су нысандарын жобалау, салу және техникалық пайдалану мәселелерін реттеуге де қауқарсыз.

Аталған мәселені жіті назарына алған Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев бұған дейін Үкіметке су ресурстарының тапшылығын азайтуға септігін тигізетін, климаттың өзгеруі мен шекаралас мемлекеттердің саясатын ескеруге мүмкіндік жасай алатын жаңа «Су кодексі» дайындауды тапсырғаны белгілі.

Алдағы уақытта біз Парламент депутаттары күн тәртібінде қамтылған мәселелер бойынша, атап айтқанда, су ресурстарын басқару жөніндегі қызметті мемлекеттік-ақпараттық қамтамасыз етуді жетілдіру, су ресурстарын басқару саласының ғылыми әлеуетін арттыру, судың құнын оның негізгі құнына сәйкестендіру, суды үнемді және тиімді пайдалану мен тасымалдауды ынталандыру үшін тариф көлемін нақтылау мақсатында тиімді коэффициенттер қолдану, су ресурстарына мемлекеттік бақылауды жетілдіру жағдайлары жөніндегі нақты ұсыныстар аясында орталық атқарушы органдармен, ғылыми сарапшылармен бірлесіп, тиісті заңнамалық жұмыстар жүргізетін боламыз.

Келешекте кемелді елге айналу үшін бір жолы осы су ресурстарымыз өлшенеді. Біріккен Ұлттар Ұйымы 2015 жылы 200 мемлекеттің 2030 жылға дейінгі тұрақты даму бағдарламасын қабылдап, онда сумен тұрақты қамтамасыз ету – басты көрсеткіш деп таразылады. Еліміздің жалпы ішкі өніміне аясында су шығыны мөлшерін төмендету де кезек күттірмес мәселе, яғни тазау болашаққа елдің дамуында су ресурстарының қолжетімділігі бірінші орынға шығады.

**Руслан РҮСТЕМОВ,**  
Парламент Сенатының депутаты

# ӘР АЗАМАТ ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ БОЛСА

Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын тыңдадық.

Еліміздің даму жайын екішп айтқан Жолдау халықтың әлеуметтік ақуалының артуы турасында жан-жақты саралап, нақты жоспарлар ұсынды.

Сонымен бірге, Президент әрдайым айтылып жүрген «Әділетті Қазақстан» деген тіркестің шын-найылығын паш етті.

Бұл атом станциясын салуға қатысты пікірлермен байланыстырылды. Иә, әртүрлі пікір бар. Сөздер ядролық станцияның қауіп күшті дегенге саяды. Алайда, Президенттің өзі айтқандай, еліміз – әлемдегі ең

ірі уран өндіруші мемлекет, сондықтан атом станциясын салуға өбден қақымыз бар. Дегенмен, Мемлекет басшысы: «Біз маңызды стратегиялық мәселелерге қатысты түпкі шешімді референдум арқылы қабылдауымыз қажет. Бұл – 2019 жылы сайлау алдында менің халыққа берген уәдем» деді.

Қозғалған мәселелер ішінде көңілге қонып, қуантқаны көп-ақ. Соның бірі – мынау. Қазақстанның көптеген тауарларды шетелдерден алып отырғаны белгілі. Өзімізді өз өнімдімізбен толық қамти алмай келеміз. Жолдаудағы: «Мемлекет отандық өнім өндірушілерді қорғауға міндетті» деген сөз осы

мәселенің бірден-бір шешу жолы болатынына сенім ұялатты.

«Қазіргі ең басты міндет – еліміздің мықты өнеркәсіптік негізін қалыптастыру және экономикамыз өзімізді толық қамтамасыз ете алатын жағдайға жету. Сондықтан өңдеу саласын жедел дамытуға баса мән беруіміз қажет» деді Президент.

Осылармен қатар Президенттің орта кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі сөзі де жерлестеріміздің ойынан доп шықты деп білеміз.

Орта кәсіпкерлікті «қолмен көтеру» керек деген Президент орта бизнестің дамуын тежеп тұрған кедергілерді жою қажеттігін баса жеткізді.

«Кедергілерді жою» дегенде көп сыр жатыр. Президенттің өзі бұл жөнінде: «Мемлекеттік аппаратты бюрократияға арлыту жолындағы жүйелі жұмыс жалғаса береді» деді және қоғамда жаңа идеяларға, жаңа кадрларға деген сұраныстың жоғары екенін айтты.

Жолдаудағы әрбір айтылған сөз бір-бір жетістіктің басы екені анық. Әрине, Президент атап өткендей, елімізді ешкім де сырттан келіп көркейтпейді. Ел еңселі болу үшін әрбір азаматы заман талабына сай болмағы абзал.

**Әріп ҚОЖБАҢОВ,**  
облыстық қоғамдық кеңес төрағасы

# СЫР ӨНІРІНЕ СЕРПІН БЕРЕР ШЕШІМ

Өзімізге белгілі, бұған дейін су ресурстары саласы әртүрлі ведомстволардың құрамында болды. Сондықтан мамандар саланың басын бүтіндеп, бір орталықтан басқарылуы керекін айттып, Су ресурстары және ирригация министрлігін құру қажет екенін жеткізген болатын. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан халқына арнаған бүгінгі Жолдауында осы жайтты ескерсіз қалдырмағанына дән ризамыз! Бұл шешім елімізге, соның ішінде су шаруашылығы мәселесі күрделеніп тұрған Сыр өңірі үшін өте маңызды.

Республикамыз трансшекаралық су көздеріне тәуелді екені жасырын емес. 2040 жылға қарай Қазақстандағы су тапшылығы 12-15 миллиард текше метрге жетуі мүмкін. Су ресурстарын басқаратын жаңа министрлік осы жайтты ретке келтіріп, тіршілік көзін үнемді пайдаланудың жолын қарастыратыны даусыз, яғни, Президент дер кезінде шешім қабылдады.

Сыр өңіріндегі жағдайды көзіміз көріп тұр, егін шаруашылығына су ауадай қажет. Келешекте осы өзекті мәселе шешімін табады деп сенеміз. Алдағы уақытта еліміздегі 15 су қоймасы қалпына келтірілмек. Соның бірі – облысымыздағы «Қараөзек» су қоймасы толықтай аяқталып, күрделі жөндеуден өтеді. Өңірдегі 856 шақырымға созылып жатқан 26 каналдың түбі тереңдетіліп, толық тазаланбақ. Аталған істердің бәрі еліміздің су ресурстары саласына шындап мән берілгенін айқайтады.

**Жорабек НҰРЫМБЕТОВ,**  
«Қызылордасушар» өндірістік учаскесінің басшысы, облыстық мәслихаттағы «AMANAT» фракциясының мүшесі

# БЮДЖЕТТІҢ САПАЛЫ ОRYНДАЛУЫНА ЫҚПАЛ ЕТЕДІ

Мемлекет басшысы Қазақстан халқына Жолдауында аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын беруді ұсынды. Маған ұнаған шешім – осы.

«Аудан әкімдеріне жергілікті бюджетті басқару құқығын берген жөн деп санаймын. Бұл – ең алдымен, сол жердегі мәселелерді жедел шешу үшін қажет. Бұдан бөлек, жергілікті бюджетке жиналатын салыққа қатысты жеңілдіктерді анықтау құқығын аймақтардың өзіне беру мәселесін қарастыру керек. Бұл шара бизнестің дамуына үлкен серпінді әкелмек. Ұсынылып отырған бастама өте маңызды. Келешекте аймақтардың табысты дамуына айрықша ықпал етеді. Сол себепті, барлық әкім бюджетаралық қатынастардың жаңа үлгісіне көшу кезінде оның біртұтас мемлекетімізге тигізетін пайдасы және тиімділігі туралы ойлауы керек», – деді Президент.

Бұл – аудан әкімдері үшін өзін-өзі басқару жүйесінде мүмкіндік беретін маңызды қадам. Әкімдерге аудан қаражатын жұмсағанда орталық органдардың сан келісімін алудың қажеті жоқ. Оның үстіне,

әкім жергілікті мәселелермен жақсы таныс. Мектеп салу керек пе, емхана салу керек пе? Ондай шешімдерді қабылдағанда ұзын-сонар келісім жасау тиімсіз. Қаржыны басқаруға келгенде орталықтандырылған жүйеге тәуелді болмайды, яғни, қаржыны басқару құқығын беру аудан әкімдерінің еркін болып, өз бетінше шешімдер қабылдауына мүмкіндік береді. Бір жағынан бұл құрал аудан әкімдерінің халық алдындағы жауапкершілігін арттыра түседі. Бұл – демократиялық практика.

Сонан соң жергілікті билік бюджетті қолға алғанда аудандағы барлық кәсіпорындар мен компаниялардың, үлкенді-кішілі кәсіпкерлердің пайдалы жұмыс істеуін қадағалайды. Өйткені бюджеттің негізгі кіріс бөлігі сол кәсіпкерлікте жатыр. Оның үстіне енді салықтың бір бөлігі жергілікті бюджетке түсетін болды. Бұл да бюджеттің сапалы орындалуына ықпал ететін қадам.

**Дайрабай ЫСКАҚОВ,**  
еңбек ардагері, ҚР салық жүйесінің II дәрежелі Мемлекеттік кеңесшісі

# ӨТКІР МӘСЕЛЕЛЕР СӨЗ БОЛДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың халыққа Жолдауындағы бастамалардың барлығы көкейге қоныды. Мемлекет пен ондағы тұрғындар үшін маңызды мәселелер көтерілді. Елдің болашаққа деген қадамын айқындайтын әлеуметтік-экономикалық дамуындағы басты ерекшеліктерге кеңірек тоқталды.

Соның бірі – Жолдауда айтылғандай, қазір жыл сайын демографиялық өсім артуда. Жыл сайын 400 мыңнан астам бала дүниеге келеді. Жыл соңына дейін халық саны 20 миллионға жетпек. Өмір сүру ұзақтығы артқан. Ал Қазақстанда тұратын тұрғындардың үштен бірі – жастар.

– Үкіметтің міндеті – қазіргі демографиялық ахуалды еліміздің бәсекеге қабілетін арттыруға пайдалану. Адал азамат

және тұғырлы тұлға болудың негізі бала кезден қалыптасады. Сондықтан біз жас ұрпақтың қауіпсіз әрі алаңсыз өмір сүруін қамтамасыз етуге тиіспіз, – деді Қасым-Жомарт Кемелұлы.

Иә, Президент талап еткен мәселенің бірі – зорлық-зомбылық. Кейінгі жылдары тым шиеленісіп кеткен балаларға қатысты түрлі қылмыс жайлы айтудың өзі қорқынышты. Мемлекет басшысының өзі тікелей назар аударған қылмыстың бұл түріне енді жаза да тым қатты болмақ. Екіншіден, білім беру мекемелерінде психологиялық қолдау қызметін институционалды түрде күшейту, сенім телефондарын ұйымдастыру, сондай-ақ түрлі қысымға ұшыраған балаларға көмек көрсету үшін тиісті бағдарлама әзірлеуді тапсырды.

Қашанда білім мен парасаттылық салтанат құрған қоғам өзінің озық мемлекеттің қабілетін сақтап қалады. Президенттің «Сапалы орта білім алу – әрбір баланың мызғымас құқығы. Мұндағы ең түйінді сөз – «сапа». Сондықтан білім сапасын жақсарту және мұғалімдердің біліктілігін арттыру ауадай қажет» дегені де тиісті салалық министрлік үшін өткір проблемалардың бірі болып тұр.

Расымен де Жолдауда айтылған әрбір мәселенің салдары мен себебі тәптіштеп айтылып, шешілу жолдары қарастырылғаны бізді қуантты.

**Жасұлан АЛДАБЕРГЕНОВ,**  
«Қызылорда облысының жаңа Одақтары» қоғамдық бірлестігінің төрағасы

# ЖАҢА ЭКОНОМИКАЛЫҚ САЯСАТ ЖЕДЕЛ ШЕШІМДЕРДІ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Түркістанда өткен Ұлттық құрылтайда қазақ қоғамының рухани даму перспективалары мен тұжырымдамалық бағдарын айқындап, еліміздің жаңа идеологиялық стратегиясын іске асырудың нақты қадамдарын ұсынды. Ұлттың жаңа сапасын қалыптастыруды, ұлттық құндылықтарды одан әрі дамытуды, халқымыздың бірегейлігін нығайтуды идеологиялық жұмыстың басты басымдықтары ретінде атап көрсетті. Сондай-ақ, білім, ғылым, мәдениет салалары бойынша нақты жобалар ұсынды.

Ал күні кешегі ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысында жарияланған Қазақстан халқына Жолдауында Мемлекет басшысы елдегі саяси реформаларды жан-жақты әлеуметтік-экономикалық реформаға ұштастыру қажетін айтты.

– Осындай аса маңызды шақта зор экономикалық серпіліс жасауға еліміздің толық мүмкіндігі бар. Ол үшін біз біртіндеп жаңа экономикалық үлгіге өтуіміз керек. Бұл жұмыстың батыл жүргізуіміз қажет. Басты мақсат – қағаз жүзіндегі биік жетістіктерге қол жеткізу емес, шын мәнінде халықтың тұрмыс сапасын жақсарту болуға тиіс, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Нақтырақ айтсақ, елдің жаңа экономикалық дамуының үш тұғыры – әділеттілік, инклюзивтілік, прагматизм. Бұл ретте алдағы міндет – отандық өндірісшілер мен кадрларды тарту, ішкі туризмді дамыту және өңдеу өнеркәсібінің үлесін арттыру арқылы еліміздің берік индустриялық негізін қалыптастыру.

Бұл шаралардың барлығы қаржының Қазақстанда қалуына, шикізаттан жоғары технологиялық өнімге дейін тереңдеуге ықпал етеді. Елдегі жұмыс орындарының санын арттырады.

Президент отандық өндірісшілерді қорғауға көшу, өңдеу өнеркәсібін қолдау үшін шетелдің және еліміздің инвесторлары бастапқы 3 жылда салықтық жеңілдіктер алуы керекін айтты. Сондай-ақ, мемлекеттік сатып алу реформасы мәселесін көтерді. Сала неғұрлым ашық болуы тиіс. Сонымен қатар, ұтымды және есеп беретін механизм үшін жаңа заң дайындалып, мемлекеттік сатып алудың негізгі мәселесі – сапаға емес төмен бағаға басымдық беру жағдайы жойылуы керек.

Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау керек екенін де жеткізді. Әсіресе ауылшаруашылық техниканың тозуы күрделі мәселе екенін атап өтті. Сыр өңірінің экономикасында аграрлық саланың маңызы зор. Ауыл шаруашылығы саласын дамыту үшін ең алдымен оның дамуына кедергі келтіріп отырған мәселелерді анықтауға тиіспіз. Оларды біртіндеп шешуді қолға алсақ, алға қойған мақсаттар да өздігінен орындала бастайды.

Мемлекет басшысы машина-трактор паркінің өбден өскіріп, тозуы – күрделі мәселеге айналғанын, ауыл шаруашылығы техниканың паркі жылына 8-10%-ға жанару қажетін айтты. Сонымен бірге, терең өңдеу агроөнеркәсіптік кешенге әсер етіп, өңделген ауыл шаруашылығы өнімдерінің үлесі 70%-ға дейін ұлғаюы керек.

– Ауыл-аймақты дамыту үшін шағын шаруашылықтарды қолдау өте маңызды. «Ауыл аманаты» бағдарламасының елге қажет екені айқын көрінді. Оның келесі кезеңінде жеңілдетілген несие берумен шектеліп қалмау керек. Жеке қосалқы шаруашылық иелері өзара бірігуі қажет. Осыған қажетті жағдай жасалуға тиіс, – деді Мемлекет басшысы.

Президент өз сөзінде жаңа экономикалық модель жедел шешімдерді қажет ететінін нақты айтты. Жолдауда көрсетілген барлық нәтижелер үш жыл ішінде орындалуы тиіс. Қазіргі уақытта ең маңызды міндет – берік индустриялық негізді қалыптастыру. Негізгі өкпін өңдеуші секторды үдемелі дамытуға аударылмақ. Металдарды терең өңдеу, мұнай, газ және көмір химиясы, ауыр машина жасау, уранды қайта өңдеу және байыту, автомобиль бөлшектері мен тыңайтқыштар өндірісі сияқты салаларға назар аударылады.

Президент азаматтарға қамақорлық жасау, олардың әл-ауқатын арттыру – мемлекеттің басты назарында екенін тағы да айқын көрсетті. Мәселен, келер жылы 1 қаңтардан бастап ең төменгі жалақы мөлшері 85 мың теңгеге дейін көтеріледі. Бұл шара 1,8 миллион адамды қамтиды. Оның 500 мыңы – бюджет саласының қызметкерлері. Халықтың тұрмыс сапасы экономикалық өсімге тікелей қатысты.

Бұл ретте, Мемлекет басшысы халықтың тұрмыс сапасына тікелей әсер еткен кейбір шараларды да атап өтті.

– 2020 жылдан бері мұғалімдердің жалақысы екі есе өсті. Дәрігерлердің айлығы да айтарлықтай көбейді. Қазір олардың табысы еліміздегі орташа жалақыдан әлдеқайда жоғары. Жұртқа зейнетақы жинағының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілді. Миллионға жуық адам осы жобаның игілігін көрді – тұрғын үй мәселесін шешіп, баспаналы болды. «Жайлы мектеп» жобасы аясында 400-ге жуық мектеп салынды. Қазір ауылдық жерде 300-ден астам денсаулық сақтау нысаны салынып жатыр, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Су мәселесі де еліміз үшін аса өзекті. Әсіресе, судың сапасы мен халыққа қолжетімділігіне қатысты өңірлерде мәселе көп. Осы орайда суға қатысты мәселелерді толық шешу үшін Су ресурстары және ирригация министрлігі құрылады. Бұл қадам бүкіл тірлігі сумен байланысты Сыр өңіріндегі көптеген күрмеулі мәселелерді шешеді деген үміт сыйлады. Тағы бір маңызды мәселе – көлік-логистика. Бұл сала экономиканың құретамырына айналып келеді. Жолдауда теңіз, жол инфрақұрылымын дамыту, көлік әлеуетін арттыру бойынша біраз міндет жүктелді. Ол үшін Көлік министрлігі қайта құрылып, осы жұмыспен тікелей айналысатын болады.

Бір сөзбен, Мемлекет басшысының Жолдауында экономиканы дамытуда энергетикалық қауіпсіздік, электр энергетикасы, жылу энергетикасы, су, газ секілді басты мәселелерді, еліміздің дамуының қауіпсіздігіндегі қандай құрылымдар құрылуы қажеттігі айтылды. Экономикамыздың драйвері, шағын және орта бизнес, қаржы мәселесі де Жолдауда көрініс тапты.

Бүгінгі әлемдегі күрделі ахуал мемлекеттердің дамуына әсерін тигізуде. Осындай қиын кезеңде Президентіміз халықтың тұрмыс сапасын арттыруға аса мән беріп отыр. Жолдауда жаңа экономикалық саясаттың нақты әрі тиімді тетіктері анықталды. Шағын және орта кәсіпкерлікті қолдаудың жүйелі механизмі дері көрсетілді. Бәріне бірдей түсінікті, ашық, әділетті салық саясатын қамтамасыз ету қажеттігі айтылды.

Мемлекет басшысы қолға алып отырған саясат халықтың әл-ауқатын арттыруға және баршаға тең мүмкіндік беруге бағытталған, яғни, бұл бастамалар әділеттілік қағидаларының барлық салада жүзеге асуына мүмкіндік жасайтыны сөзсіз.

**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ,**  
облыстық мәслихаттағы «AMANAT» партиясы депутаттық фракциясының жетекшісі



ӨРКЕН

# ЖАҢА ОҚУ ҒИМАРАТТАРЫ ЕЛ ИГІЛІГІНЕ ТАБЫСТАЛДЫ

Білім күні қарсаңында Қызылорда қаласындағы екі іргелі мектеп жанынан салынған қосымша ғимараттар пайдалануға берілді. Салтанатты ашылу рәсімінде облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев қатысып, жиналған жұртшылықты Конституция және Білім күнімен құттықтады.



– Ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының «Құралсыз іс істелмейді һәм құрал қандай болса, істеген іс те сондай болмақшы. Істің толық жақсы болуына мектеп сайлы һәм жақсы болуы шарт» деген сөзі баланы оқытуға, ең бірінші жайлы да заманауи мектептің керегін еске салады. Бүгін біз осындай жайлы да жаңа ғимараттың ашылуының күәсі боламыз.

Бала санының жыл санап артуына байланысты бірнеше білім ошағы қосымша құрылысты қажет етті. Өздеріңіз білетіндей, орталықта жаңа мектеп салу үшін жер телімі табылмайды. Қала сыртына салынған мектепке қатынау ата-анаға да, балаға да айтарлықтай қиындық туғызады. Қосымша ғимарат салудың тағы бір тиімді тұсы – бюджет қаржысы үнемделеді, жаңа мектепке қарағанда арзанға түседі. Ең маңыздысы балалар өздері үйренген, үйіне жақын мектебіне қаты-

найды. Сондықтан бәріне бірдей оңтайлы шешімге, яғни үш ауысыммен оқитын мектептер ауласына қосымша ғимарат салуға тоқталдық, – деді аймақ басшысы. №101 мектеп-лицей ауласында салынған 375 орындық ғимаратта бастауыш сыныптар оқитын болады. Ал Абай атындағы үш тілде оқытатын дарынды балаларға арналған мамандандырылған сыныптары бар мек-

тепке 550 орындық қосымша ғимарат салынды. Жаңа ғимараттарда оқу кабинеттері, шығармашылық бөлмелер талапқа сай жасакталған. Оқушыларға ыңғайлы болу үшін оқу құралдарын сақтауға, балалардың шығармашылық дамуы мен демалуына толық жағдай қарастырылған. Бейнебақылау, дыбыстық хабарлау және басқа да күшейтілген қауіп-

сіздік жабдықтары орнатылған. Облыс орталығындағы 4 мектептің (№№2, 3, 101, 264) 1 850 балаға арналған қосымша ғимараттары жаңа оқу жылында балаларды қабылдайды.

Айта кетейік, Сыр өңірінде заманауи жаңа білім ошақтары бой көтеріп, жас ұрпақтың сапалы білім, саналы тәрбие алуына баса мән берілген. Аймақта 3-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен қамту үлесі 100 пайызға, ал 2-6 жастағылардың қамтылуы 88,9 пайызға жетті. Мемлекет пен жекеменшік әріптестіктің ынтымақтастық аясы кеңейіп келеді. Бүгінде облыстағы 613 балабақшаның 453-і немесе 73%-ы жеке сектордың үлесінде.

Мемлекет басшысының бастама-сымен қолға алынған «Жайлы мектеп» ұлттық жобасы шеңберінде құны 100 млрд теңге болатын 21 заманауи мектеп салынбақ. Жаңа білім ордаларына 12 мыңнан аса оқушы барады. Биыл 10 мектептің іргетасы қаланады. Қаланың сол жағалауында «ҚазГерМұнай» компаниясының қаржылай қолдауымен 350 орындық заманауи Оқушылар сарайы салынады. Бұл қосымша білім беру ордасында озық ойлы, өнерге құштар, спортқа бейім дарынды балалар тәрбиеленеді.

**Облыс әкімінің баспасөз қызметі**

АПТА АҒЫМЫНДА



## МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫНЫҢ ЖОЛДАУЫН ТЫҢДАДЫ

ҚР Парламенті палаталарының бірлескен отырысындағы ҚР Президенті Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауын сырбойылық аманаттықтар ұжым болып тыңдады.

Мұнан соң партияның облыстық филиалының атқарушы хатшысы Ләйлә Төрешова Жолдауда жүктелген міндеттемелер бойынша нақты тапсырмалар берді.

## ҚҰРЫЛЫСҚА МОНИТОРИНГ ЖАСАЛДЫ

«AMANAT» партиясы облыстық филиалы жанындағы партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Нұркен Бақытбекұлы бастаған комиссия мүшелері «Бәйтерек» шағын ауданында салынып жатқан 600 орындық мектеп құрылысының жұмыс қарқынын бақылады.

Аталған нысан құрылысы 95% аяқталғанымен, сыртқы абаттандыру жұмыстары бітпей, құрал-жабдықтары жеткізілмей және орнатылмай жатыр.

Нысан толық аяқталып, тұрғындарға табысталғанша партиялық бақылауда болмақ.

## АКЦИЯ ҚОРЫТЫНДЫЛАНДЫ

«AMANAT» партиясының бастама-сымен қолға алынған «Бақытты отбасы» партиялық жоба аясындағы «Баланы мектепке даярлайық!» жалпыреспубликалық қайырымдылық акциясына сырбойылық партияластар да белсенді үлес қосты.

Жыл сайын өткізілетін дәстүрлі акцияның басты мақсаты – көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға балаларын жаңа оқу жылына дайындауға көмектесу.

Акция аясында партияластар мен фракция мүшелері және бастауыш партия ұйымдарының қолдауымен өңірімізде 1842 бала мектеп формасымен, оқу құралдары салынған рюкзактармен қамтылды.

## КЕҢЕЙТІЛГЕН ОТЫРЫС

Апта барысында партия филиалы жанындағы экономика, кәсіпкерлік және аграрлық сектор мәселелері жөніндегі кеңестің кеңейтілген отырысы өтті.

Оған бейне байланыс режимінде партия хатшысы Эльдар Жұмағазиев, тиісті министрлік өкілдері қатысты. Онда өңірде ауыл шарушылығы, шағын және орта бизнесті дамыту бағытында қордаланған мәселелер талқыланып, шешу жолдары қаралды.

## ТҰРҒЫНДАРДЫҢ ТАЛАП-ТІЛЕГІ ТЫҢДАЛДЫ

Апта барысында партияның қоғамдық қабылдау бөлмесінде денсаулық сақтау саласы бойынша тақырыптық қабылдау ұйымдастырылды.

Қабылдауды облыстық денсаулық сақтау басқармасының бөлім басшысы Айгүл Төлегенова, көпбейінді облыстық аурухана директорының емдеу ісі жөніндегі орынбасары Жаңыл Әбу-бәкірова жүргізді. Мұнан бөлек партия алаңында облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары, полиция полковнигі Әміржан Өтегенов азаматтарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

Жұмыс аптасында филиал заңгері Сәбитбек Алшынбеков «Құқықтық көмек» партиялық жобасы аясында тұрғындарға заңнамалық кеңес берді.

Жалпы апта ішінде аймақтық және аумақтық филиалдар мен бастауыш партия ұйымдарында іс-шаралар, партиялық жобалар, брифингтер, «Балаларды мектепке дайындайық!» акциясы, партиялық бақылау және т.б. түрлі форматтағы 64 қоғамдық-саяси іс-шара ұйымдастырылды.

САЛТАНАТ



# БАРША ҚҰНДЫЛЫҚ БАСТАУЫ БІЛІМДЕ

Білім күні облыс әкімінің орынбасары Мейрамбек Шермағанбет, облыстық білім басқармасы басшысының міндетін атқарушы Бағдат Бердәулетов Е.Өуелбеков атындағы дарынды балаларға арналған №4 облыстық мектеп-интернатында өткен алғашқы қоңырау салтанатына қатысып, ұстаздар мен шәкірттерді жаңа оқу жылының басталуымен құттықтады.

– Күміс қоңыраудың сыңғырымен мектебіне асыққан оқушыларымыз зерделі, зейінді, зиятты болғай! Көк тұмыздың астында, бай да, құнарлы жеріміздің үстінде білімпаздарымыз бен олардың ұстаздарының беделі биіктей берсін! Оқу-ағарту ісі жанданып, кемел біліммен келешекке нық қадам баса берейік! Еркін ойлы, отаншыл шәкірттерді тәр-

биелеуді мақсат еткен ұстаз-әріптестеріміздің еңбегі ақтала берсін! Жаңа оқу жылы жетістіктерге жетелесін! – деді облыс әкімінің орынбасары. Салтанатты іс-шарада білім саласының ардагерлері Шыңәлі Нұрпайызулы, Райкүл Мансұрқызы сөз алып, оқушыларға білім биігін бағындыруына тілектестігін білдірді. Алғашқы қоңырау соғылған

соң облыс әкімінің орынбасары оқушылармен кездесіп, мектептің материалдық-техникалық базасымен танысты.

Айта кетейік, дарынды балаларды даярлайтын білім ордасы 2010 жылы бой көтерген. Бүгінде мұнда 200-ден астам оқушы білім алуда. Өткен оқу жылында 43 түлектің 9-ы «Алтын белгі», 8-і «Үздік аттестат» алды, бітірушілердің барлығы мемлекеттік грант иегері атанды.

Мектеп-интернат биыл республика бойынша «Үздік мамандандырылған білім беру ұйымы» номинациясын иеленіп, ҰБТ нәтижесі бойынша еліміздегі үздік он мектептің қатарына енді.

**М.МЕРЕЙ**

БРИФИНГ

# БАЛАНЫҢ АМАНДЫҒЫ БӘРІНЕН МАҢЫЗДЫ

Оқу жылының алғашқы күнінен бастап, мектеп алдындағы жол өткелдерінде ювеналды және патрульдік полиция инспекторлары күнделікті қызмет етеді. Мектеп жасындағы балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында полиция департаменті жергілікті атқарушы органдармен бірлесіп тиісті шаралар атқаруда.

Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте облыстық полиция департаменті бастығының бірінші орынбасары Шамшидин Әмитов айтты.

– Жаңа оқу жылының басталуына орай полиция қызметі күшейтілген кестеге көшті. «Назар аударыңыз, балалар!» шарасы аясында, облыста орналасқан 295 мектептің аумағында жол белгілеріне тексеріс жұмыстары жүргізілді. Жол белгілерінің 100 данасы қайта қалпына келтіріліп, 75-і жаңадан орнатылды.

Жазатайым оқиғалар жаяу жүргіншілердің белгіленбеген жерден өтуінен, бағдаршамның тыйым салу сигналына қарамағаннан орын алады. Сондықтан ата-аналар мен балаларды жол жүру ережесін қатаң сақтауға шақырамын. Мектеп алдындағы жаяу жүргінші өткелдерінің таңбалары жаңартылды. Тағы бір айта кетерлігі, балаларымыз электросамокаттар мен гидроскутерлерге қызығушылық танытуда. Осыған орай заңнамаға өзгерістер енгізіліп, 30 тамызда күшіне енді. Заңға сәйкес, электросамокат веложолда, жолдың оң жақ шетінде жолақ бойымен қозғалады. Қараңғы түскен соң электросамокат жүргізушілеріне жарық қайтарғыш элементті бар кийім кию міндеттеледі, – деді Шамшидин Егенбердіұлы.

**«СБ» ақпарат**

БАСПАСӨЗ ТУРЫ

# ӘЛЕУМЕТТІК НЫСАНДАРДЫ АРАЛАДЫ



Өңірлік коммуникациялар қызметінің ұйымдастыруымен баспасөз туры өтті. Онда облыс орталығында салынып жатқан жаңа көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар құрылысы таныстырылды.

**Тұрар БЕКМЫРЗАЕВ, «Сыр бойы»**

Сол жағалауда 7 қабатты тұрғын үйлер салынып жатыр. Мамандардың айтуынша, келер жылы ел игілігіне беріледі. Бір тұрғын үйдің ауданы 6 213,9 шаршы метрді құрайды.

Тұрғын үй құрылысына жауапты мердігерлер ретінде «Аман Құрылыс», «Орион ЛТД», «Риголит», «Промстройсервис.Е», «Абу-Сер» ЖШС бекітілген.

Сол жағалаудың №2 шағын ауданында

ипотекалық 10 тұрғын үйдің де құрылысы жүріп жатыр. Бұл тұрғын үй кешені «Нұрлы жер» бағдарламасы аясында бой көтерген. Мұнда жалпы ауданы 30 мың шаршы метрге жуық 470 пәтер құрылысы жүргізілуде.

Ал Тасбөгет кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешені іске қосылғанда 100 адамға дейін толық қамти алады. Мұнда қажетті спорт үйірмелері іске қосылмақ.

– Қазір облыс орталығында көпқабатты тұрғын үйлер мен әлеуметтік нысандар бойынша құрылыс жұмыстары өте қарқынды. Әрбір нысан тиісті санаттар бойынша халыққа табысталады. Тасбөгет кентіндегі денешынықтыру-сауықтыру кешені жыл аяғына дейін пайдалануға берілмек. Ал осы нысандардың сапасы жөнінде талап күшті екенін өздеріңіз жақсы білесіздер, – дейді қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Айдын Әнуар.

## БАЙҚАУ

ЖЫР АРНАҒА  
ЖЫЛҒА БОЛЫП ҚОСЫЛҒАН

Қармақшыда Жыраулар үйінің ұйымдастыруымен даңғайыр жырау Көшеней Рүстембековтің өмірі мен шығармашылығына арналған «Қазақтың күміс көмей Көшенейі» атты облыстық жыршылар байқауы өтті.

Сb Ақтілек БИТІМБАЙ,  
«Сыр бойы»

Іс-шарада Қармақшы аудандық мәдениет және спорт бөлімінің басшысы Дәурен Ержанов сөз сөйлеп, жас жыршы-термешілерге сәттілік тіледі.

– Көшеней жырау – көңіл арнасын жыр атты өзенге бұрған, текті жердің топырағында талайлармен тел өскен, бел мен белестен қатарласа өтіп, дүние үнін тыңдаған ұзан жыраулардың жалғасы еді. Ұлы тұлғаны ұлықтауға арналған бүгінгі байқауда барлығыңызға сәттілік тілеймін, – деді ол.

Дүбірлі додаға Серік Жақсығұлов, Айгерім Ешбаева, Қарсарбек Кәрібаев қазылық етті. Байқауда Көшенейге



арналған арнау жырлар мен Сыр сұлейлерінің шығармалары Сырдың сырлы мақам саздарына салып, нақышына келтіре орындалды.

Жарыс нәтижесінде Думан Ахметов бас жүлдені қанжығасына байлады. Қармақшылық Руслан Өтегенов I орын алса, аралдық Әлфараби Жалғасов

пен қармақшылық Малика Алдамжарова II орынды иеленді. Ал үздік үштікті қармақшылық Алмат Азаматов пен Динар Рахман түйіндеді.

Бағы пен бабы қатар шапқан дарынды жас жыршылар қазылар алқасының шешімі бойынша арнайы алғыс хат және сыйлықтармен марапатталды.

100 ИГІ ІС: Halyk бірінші  
сынып оқушыларын жаңа  
оқу жылына дайындады

Жаңа оқу жылы қарсаңында бүкіл ел бойынша аз қамтылған және көпбалалы отбасылардан шыққан 2500-ден астам оқушы Halyk-тан оқу керек-жарақтары бар мектеп портфельдерін сыйлыққа алуға деп хабарлады банктің баспасөз қызметі.

Halyk жыл сайын Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігінің, білім басқармаларының және жергілікті атқарушы органдардың (әкімдіктердің) қолдауымен өз бастамасы бойынша «Мектепке жол» республикалық акциясын қолдайды.

«Біз жыл сайын осы «Мектепке жол» ізгі акциясына қатысуды дәстүрге айналдырдық. Балалардың жаңа оқу жылына толық дайын болуы біз үшін өте маңызды. Өкінішке қарай, баланы бірінші сыныпқа дайындауға бәрінің бірдей қалтасы көтере бермейді. 100 жылдық мерейтой және «100 игі іс» науқаны аясында біз әлеуметтік осал отбасылардан шыққан бірінші сынып оқушыларына өмірдегі маңызды кезеңдердің бірі – оқуға көмектесетін мектеп жиынтықтарын сыйлауға шешім қабылдадық. Мұндай сыйлықты жасағанда біз оқушылардың оқу керек-жарақтарына деген қажеттіліктерін ескердік және рюкзакты арқау кезіндегі баланың денсаулығына үлкен мән бердік. Біз таңдаған ортопедиялық



сөмкелер арқа мен иыққа салмақтың біркелкі түсуін, сондай-ақ арқада жайлы тұруын қамтамасыз етеді. Біз балалардың сабақты ынтымақпен оқуын және бұл үшін қажеттінің барлығы болғанын қалаймыз, – деп атап өтті банктің баспасөз қызметі.

Halyk-тың ортопедиялық рюкзактар мен қажетті кеңсе тауарларынан (дәптер, қалам, қарындаш және т.б.) тұратын мектеп жиынтықтары жергілікті атқарушы органдар мен білім басқармалары ұсынған тізімдерге сәйкес бөлінеді.

Лицензия №1.2.47/230/58/1 23.06.2023 ж

## ОРАЛХАН БӨКЕЙ – 80

Өр мінезді  
ОРАЛХАН

Осы жылдың қыркүйек айында тірі болғанда 80-нің сөңгіріне шығатын Оралхан Бөкей жайлы айтылып та, жазылып та жатыр. Ол – заңдылық. Өйткені Алла сыйлаған 50 жасқа жетер-жетпес аз ғұмырында артына өшпес мұра қалдырып кеткен Оралханды айтпау, еске алмау қазақтығымызға сын.



Мен жазушы немесе ақын емеспін. Оралхан шығармашылығы жайлы бір нәрсе айту ойымда да жоқ, қолымнан да келмейді. Бірақ Оралханның ішкі жан дүниесінің кейбір сәттерінің күәсі болғанымды тебірене еске аламын. Соларды бүгін айтпағанда қашан айтамын деген оймен қолыма қалам алдым. Оралханға қасиетті Сыр елінде етене жақын болған екі адам бар едік. Оның бірі – Оралханды оятқан оғлынан ғалым, филология ғылымдарының кандидаты Өскенбай Көзбеков. Ғылым докторы, профессор Майтановтың жетекшілігімен бірнеше жыл ғылыми ізденісте жүріп, «О.Бөкеев прозасының поэтикасы» тақырыбында диссертация қорғап, онымен жүздесуді армандап кеткен інім едім.

Екінші кезекке өзімді қоямын. Себебі төмендегідей. Сексенінші жылдардың аяғында Қызылорда пединститутында (қазіргі Қорқыт ата университеті) партия ұйымын басқардым. Сол кезде науқас-танушы Қара теңіздің онтустік жағалауындағы СОКП Орталық комитетінің XXII партсъезд атындағы демалыс орнына обкомнан жолдама алып бардым. Науқасымыздың ерекшелігіне қарай жылды екі-үш айдай үш жыл емдейді екен. Қазір ойлап отырсам Жаратушымыз маған сол бір кеселді кездесуге әркімнің қолы жете бермейтін Оралханмен танысып, сырласып жүрсін деп жібергендей көрінді.

Онда емделушілерге керемет жағдай жасалған. Қарақалпақстан Жазушылар одағының хатшысы, Мемлекеттік сыйлық иегері Төлепбергем Қайыпбергем, жерлес ағам, ақын Сейіл Боранбаев жыл сайын осында келіп демалады екен. Бірер күннен кейін қатарымызға Оралхан қосылды. Жоғары тағаммен қастарша киінген, мөлідрі бұйра кара шашы өзіне жарасып тұрған жазушымын Сейіл аға таныстырды. Мені онша меніңкіремегімен байқадым да, қырысқытыма еркіндік бердім. Сейіл ағаның:

– Оралханды танитын шығарсың? – деген сауалына:

– Танымаймын, қазір не көп жазушы көп, солардың бірі шығар, – дей салдым. Сол-ақ екен, Оралхан:

– Әдебиеттен бейхабар, өзін бір кері жүретін қырыс екенмін, – деді. Шырт мінезін ширата түсу үшін:

– Сенің «шапқатарыңды» оқымағанмен, естүім бар, – дей салдым. Біздің таныстығымыз осылай басталған-ды.

Оралхан сырт қарағанда менмен, көкірек көрінгенімен, ішкі дүниесі кең, қарапайым жандарға шуағын төгіп тұратын, топырағын жанындай сүйетін, ұлт тілі десе жанын беретін азамат екенін жүрегімнен түсінетінім. Екеуіміздің ойларымыз тоғысып, санаторияда өткен үш жылдың алты айында бір палатада жатқанда айтапқан әңгімеміз, шертпеген сырлымыз қалмады десем артық емес-ау!

Терең ойла жүретін Орекеннің шұқшынып кітап а газет оқығанын көргенім жоқ. Сол кезде Мәскеуден шығатын «Роман газеті» журналында орыс жазушысы А.Рыбаковтың «Дети Арбата» деген романы жарияланып жатты. Сталиндік репрессия жайлы алғашқы көркем шығармалардың бірі болғандықтан, журнал қолдан-қолға тимей кетті. Кітапханадан алуға менің кезегім келіп бас алмай оқи бастадым. Оралхан көріп шуыға сұрап алып, бір екі сағаттан кейін қайтып өкеп берді.

– Қалай оқып шықтың ба? – деген сауалыма:

– Неден басталып, қалай бітетінін шамалағанмын, – деп жауап берді. Сол уақыттағы елді тамсандырған осы шығарма оны еш қызықтырмады. Оралханның терең логикасы орыс жазушысынан да артық екеніне еш шүбәм болған жоқ. Қазір ойласам ол жазу столына көп отырмай, қалаған тақырыбын ойна жан-жақты сараптап, саралап, уақыт деңгейімен үндестіріп әбден пісіп-жетілгеннен кейін жазуға кірсесің екен. Өзінің жазғандарына қайта оралмайтын себебі осы болса керек.

Біз бірге болған уақыт – кеңестік идеологияның қаһарына мініп тұрған кезі. Оның санамызда соншалықты орысқанынан болар, идеология сөз көзбен қарау деген мүлде ойымызда болған жоқ. Оралханмен өткізген күндерімді қазіргі уақыт мінберінен сараптасам, ол сол кездің өзінде-ақ болашақты болжап

білгендей. Әсіресе, тіл мәселесіне байланысты көп толғағын, тебіренетін. «Қазақ әдебиеті» газеті бас редакторының орынбасары ретінде апта сайын оны алып, әр жолының астын сызып оқитын. Әлі есімде, профессор Р.Сызықованың тіл мәселесіне байланысты мақаласы жарық көргенде балаша қуанды. «Рабиға апай көкейде жүрген мәселелерді көтеріпті, ризамын, ойымды білдіріп, апама хат та жазып жібердім» дегені есімде.

Целиноград облысының бір аудандық партия комитетінің идеология жөніндегі хатшысы қазақ қызы бір ауыз қазақша білмейді екен. Бір-екі күннен кейін-ақ Орекен оған «түп-түптары жоқ идеология кімге керек?» деп тиісе бастады. Тіпті «өз ана тілімізді білмейтін саған хатшылық неге керек?» дегенге дейін барды. Біз Орекенге басу айтып, оның жолы жеңілде әйел екенін алға тартқанымызда «ой, байғұс қазақтар-ай, бізді құрттаны осы ғой!» деп таусыла сөйлегені бар.

1991 жылы Оралхан «Қазақ әдебиеті» газетінің бас редакторлығына келгенде елдегі жағдай қиын болатын. 125 мың оқырман болған газеттің таралымы 5 мың данаға дейін құлдырады. Оқырман жинау мақсатында ақындар айтысы ұйымдастырылды. Бұған лауазымды министрліктен бастап, көп ұйымдар қарсы болды. Биліктің жазасынан тайсалмаған Оралхан көп кедергілерге қарамастан айтысты өткізіп, газет таралымы 67978 данаға жетті.

Қара теңіз жағасында серуендеп жүріп алыстан мұнарған таудың басына қыран көзін қадап Оралханның тұра қалғаны есімде. Сәл үнсіздіктен кейін:

– Қазаке, тау басында қойшы тұр деп көз алдыңызға елестетінші! Біз оны тек кәсібіне қарап қойшы деп қабылдаймыз. Ал оның өзіншедей адам екенін, оның да рухани дүниелерге зәру екенін еске алмаймыз. Жүз қойдан 150-160 қозы алып жатқан олардың еңбегінің қайтарымы жоқ. Бұл – біздің халқымыздың көністігі. Біздің маңдайымызға қойшылық, мал бағу жазылған ба? Қазақстанда қойды елу миллионға жеткіземіз деген ұран бөрімізді қой-

шы болуға жетелесе керек. Етті барлық ұлттар жақсы көреді, ал солардан бір қойшы тауып берші! Болашақ аналар – қыздарымыз мал бағып, ат жалына жармасып, трактор рөліне отырауда. Бұл да – біздің болашағымызды бұлдырландырудың бір жолы ғой. Қазақтардың тез қабылдағыштығы мен ермелігін, көнбістігі мен аңқаулығын мемлекет жақсы пайдалануда, ал ғылыми, шығармашылық қасиеттерін неге пайдаланбаққа? – деп қынжыла сөйлегені бүгінге дейін құлағымнан кетпейді. Кеңестік идеологияның керітартпа тұстарын Оралхан сол кезде-ақ болжаған екен. Не деген көрегенділік!

Қырымдағы демалыстың алғашқы жылы артымнан Элия мен Айнур қыздарым келді. Элия – студент, Айнур – мектеп оқушысы. Олардың келгеніне Орекен балаша қуанып, Симферополь вокзалынан бірге күтіп алып, потерге орналастырдық. Жақсыбиқе жұбайым сөлемде ретінде қазы-қарта, «Қазақстан» коньягтың мольнан жіберіпті. Кейде Орекен балаларға барып, «қазы мен көрпеші қуырып жейік!» деп қолқа салады. Тамақ үстінде Сырдың дөміні Алтайдың қазықартасымен салыстырып, бізді тамсандырып қояды. Сыр елін де асыра мақтап, біраз жерге апарып тастайтын. Өзінің тауын биіктеткенмен, өзгені тауын аласартпайтын гажайып жан еді. Туған жері Тарбағатай табиғатын, асқар Алтайын Орекендей жүрегімен сезініп, жан-тәнімен сүю әркімнің маңдайына жазыла бермеген-ау, сірә! Оның қай шығармасын алсаң да, кейіпкерлері туған Қатонқарағай мен Шыңғыстай ауылынан бастау алып жатады.

Біздің санаторияға жақын Симеиз деген елді мекендегі дүкендерді аралап жүрдік. Сөрлерде жас нәрестелердің киімінен көз тұнады. Балаларымыз бәрі ересек болғандықтан, оларға ыңғайлы ештеңе кездескен жоқ.

Ойымда ештеңе жоқ: – Оралхан, жас балаларыңа мыналардан алмайсың ба? – деп қалдым.

Кенет жанары мені тесіп жіберетіндей бір қарады да, бірден пәс түсіп:

– Қазаке, менде перзент

жоқ қой әлі, – деп мұңая қалды.

– «Ұйқым келмейді» деген әңгімеді оқымапсыз ғой.

Қайдан білейін? Аңдамай сөйлеп, жазушы жүрегім сыздапты қойған сол бір ұсынсыма осы кезде дейін өкінемін. Бірақ өмір шындығынан ешкім асып кете алмайды ғой.

Осы бір тосын әңгімеден кейін отбасымыз, жұбайларымыз жайлы ашық сөйлесетін болдық. Алғашқы жұбайы Айман өзімен жерлес, Мәскеуде оқыған, орысша білім алған, бір ауыз қазақша білмейтін, жүзіңіздің көзінен өтетіндей сұлу болғанын, үйіне тез сіңісіп кеткенін тамсана айтатынды. Бірақ балалы болу бақыты екеуіне бұйырмағанын, әзірге ажырасу жайлы араларында еш әңгіме болмағанын айтушы еді. Туған ағасындай болған жерлесі Ғаббас Қабашұлының естелігін: «Ораштың бірде бар мұңын шағып, Айман екеуінің айырылысуға келіскендерін, «менен ең соңғы белгі осы болсын!» деп алғашқы кітабына қоштасу сөзін жазып бергенін, бірақ айырылысуға өзінің дөті шымдамағанын айтқаны бар. Мен не дейін?! «Бастарың жас, түңілмендер» деген жолдарды оқимыз.

Қырымға 1989 жылы бір уақытта баруға Шәміл Нұрымгереев ағамен, Оралханмен телефон арқылы келіскенбіз. Өкінішке қарай мен межелеген уақытымыздан бір апта кейін бардым. Шәміл ағамен кездесіп, «Оралхан қай палатада?» деп сұрағанды жұбайы Айман қайғылы қазаға ұшырады деген хабар келіп, кеше ғана жедел Алматыға ұшып кеткенін айтты. Сонау Қырымда болсақ та, Оралханның қайғысына іштей ортақтастық.

Алматыдан осы бір суық хабар келерден бірнеше күн бұрын барлық жағдайды айтып, Айманға хат жазғанын айтқан болатын. Мен «Оралхан, асықпа, амандық болса екі-үш айдан кейін Алматыға боласың ғой, Айманға сонда айтарсың деп ақыл бергенім!» деп сөзің сабақтады Шәміл аға.

Менің ойымша өр мінезді Оралхан сол бір хатты жырлама жыл отасқан сүйген жары Айманға жолдап жіберген болу керек. Ағасы әрі әріптесі Қуаныш Құрманғалиев естелігінде оның түнімен өкініш өкісігінен арыла алмай, таң атқанша жылап шыққанын айтады.

Алғашқы жұбайының қазасынан екі жылдан кейін Оралхан Ардаққа үйленеді. Айхан атты ұл, Айжан атты қыз дүниеге келді. Перзенттерінің есімдерінің «Ай» дан басталып, жан-жақты әлеммен аяқталуы, Орекеннің сүйген жары Айманды ұмытпау үшін қойған рухани ескерткіші-ау деген ой келеді маған.

1993 жылы Қазақстанға Үндістанның Премьер-министрі Нарасимха Рао ресми сапармен келетін болғандықтан, соған орай «Қазақ әдебиетіне» үнді елі жайлы материал жазып қайтуға Оралхан Бөкей бастаған журналистер Үндістанға жіберіледі. Бұл сапардың алдында бір айдай қан қысымы жоғарылап, науқасы жайлы күлікпен жүрсе де, Оралханға Дели шаһары қол бұлғап тұрғандай қуана келіседі. Бірақ 1993 жылдың 17 мамыры күні өзінің бұл дүниені қос-

тасатынын білмесе керек. Бір естелігінде: «Календардың әр бетін жырқатпай сайын тағы бір тамаша күнімді өз қолыммен жерлегендей саусақтарым дірілдеп кетеді. Қазіргі адамдардың барлығы асығыс. Бірақ қайда асығып бара жатқаның өздері де білмейді. Білсе, асықпас еді ғой!» деп жазыпты.

Елу жылға толар-толмас аз уақыт ішінде қыруар іс тындырған Оралхан қайда асықты екен? Оралханның қазасын естігенде оның соңғы демін Алланың құзырына тапсыра уақытта қасында журналист жерлесім Нұртөре Жүсіп інімінің болғанына іштей теубе еттім. Белгілі журналист Әмірхан Мемдеке Оралханның қазасы жайлы: «Қиян шеттегі Үндістанның Делинің «Таж Махал» қонақүйіндегі оңаша бөлмеде жападан-жалғыз, сапарлас серіктеріне де жалғыз ауыз сөз айтпай, жым-жырт қалыпта, тыныш, оқшау күйде жылжып келіп, пони дүниенің өлшеулі сурлеуін артқа тастап, бақи дүниенің болжаусыз соқпағына бет бұрап ақтық сынының үстінде дәл осылай байсал тауып бұза кеше алу, дауасыз өлімді де дәл осылай жүрегі дауалап жым-жырт қалыпта, тыныш күйде қарсы алу ірілердің ғана үлесі шығар» деп жазыпты.

Оралханның артында ұлы Айхан төрт жасында, қызы Айжан үш жасында жетім қалса, ал жұбайы Ардақ жастай жесір атанды. Оралхан қызы қатты ауырғанда Жаратушымызға: «Қайтейін? Қайсыбірін айтайың? Өзімді алып, баламды қалдырсаңшы, Аллам!» деп жалбарыныпты. Оның осы өтініші орындалғанмен, қазасын тек отбасы емес, бүкіл қазақ елі аза тұтты. Ақын Жүсіп Ерман сөзін жазған жоқтауды халық хормен айтқанда бүкіл ел күңірледі. Алла тағалам Оралханды тұма таланттарға мүмкіндікті мольнан бергенмен, ғұмырын қысқа етіп құзырына тездетіп алуға асыққан ба, қалай? Ұлылардың кіндік қаны тамған туған топырағы – Жер-Ана тұсағына алуға асықпайтынды. Дәлілім: Алаш арыстарының біразын айтпағанда, ұлы Мұхтар соңғы демін Мәскеуде, адамзаттың Айғамтовы Германияда, қазақтың Қалтайы Мәскеуде, Алтайдың ақиғыы Оралхан Делиде Алланың құзырына тапсырды.

Оралханның кеткеніне 30 жыл толды, қыркүйек айында тірі болғанда сексеннің сөңгіріне шығар еді. Өр мінезді қаламгерді қазақ халқы мәңгі ұмытпайтынына бек сенімдімін. Сыр елінде де оның өмірі мен шығармашылығына арналған мәдени-танымдық іс-шаралар өтуде. Ұш жылдың ішінде Қырымның онтустік жағалауында танысқан, талай сыр бөліскен Оралхан бейнесі көз алдыма. Алматыға барған кездерімде бірге болып, Қырымда айтылмай қалған әңгімелерімді жалғастыратынымыз. Ал бүгінгі көңіліме медеуе тұтатын жәдігерлерім – бірге түскен суреттеріміз, «Күллі Қызылордадан келген досым Қазыбайға құрметпен ұсынамын» деген қолтанбасы. Бұған да шүкір!

**Қазыбай ҚҰДАЙБЕРГЕНОВ,**  
профессор



**АҚЖОЛТАЙ**

**РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ Э**  
**Ы АГАРТУУЧУ, ЖАЗГЫЧ**  
**МОЛДО НИАЗ ЭРІ**  
**200 ЖЫЛДЫҒЫ**

**ОҒЫЛАНЫМЫЗ**  
**ОШТА ДА ОЗДЫ**

Қырғызстанның Ош қаласында өткен XVI халықаралық ақындар айтысында жерлесіміз, ақтаңгер ақын Мұхтар Ниязовтың бас бөйгені жеңіп алғаны туралы ақжолтай хабарды Сыр елі қуанышпен қабылдады.

Қырғызстан Республикасының тәуелсіздік мерекесі аясында ағартушы, жазушы-ақын Молда Нияздың 200 жылдығына арналған айтысқа он алты ақын қатысқан.

Сөз аламан айталымында Мұхтар бауырымыз қырғыз ақыны Азамат Болгобаевпен үзеңгі қағысып келіп, 450 мың сом қаржылай бөйгені қанжығаға бөктерді.

Сүйінбай мен Жамбылдан кейін қырғыздың ақпа ақындармен жиі сайысқан ақын деп Мұхтар Ниязовтың есімің айтуға болады. Бас бөйгеге қоса «Қырғыз Республикасының мықты маданият қызметкері» деген атақты берілді осы сөзімізге айтақ.

Үш мәрте «Алтын домбыра» сыйлығының иегері М.Ниязовтың айтыс саласындағы атақтарының онан үтқыр шумақтарын жатқа айтатын қызылордалықтардың «Біздің оғыланымыз» деген бір ауыз сөзі жоғары тұрады.

**«СБ» ақпарат**

**«Тең қоғам» теңдікке бастайды**

Былтыр Шиелі ауданының орталығында мүгедектігі бар азаматтар үшін «Тең қоғам» орталығы ашылған еді. Бұл үшін бұрын газет редакциясы болған ғимарат жергілікті әкімдіктің қолдауымен күрделі жөндеуден өтті.

**Erjan ҚОЖАС,**  
**«Сыр бойы»**

Ғимарат 4 млн теңгеге жуық қаржыға түрлі керекті кеңсе және тренажерлық құрал-жабдықтармен толтырылды. Бұған «Vaikunг Solag» ЖШС демеушілік еткен. Қазір осындағы барлық заттың мүмкіндігі шектеулі жанның қажетіне әбден жарап тұрғанын көрдік. Орталықта жасы үлкендермен қатар балалар да бос уақытын өткізеді.

– Орталыққа қай уақытта болсын, үлкендер де, балалар да келе береді. Ешкімге шектеу жоқ. Бұл

жердің басты мақсаты – сол топтағы азаматтардың бос уақытын тиімді ұйымдастыру. Бірі шахмат, дойбы ойнаса, бірі спортпен шұғылданады. Сурет салатындар да жетерлік. Қыз балалар тоқыма тоқып, кесте тігеді. Арнайы бөлмеде түрлі мультфильм қарап, караокемен ән де айтатындар бар. Түрлі ойыншықтар да жетерлік. Әсіресе, кішкентайлар құрастыру ойыншықтарымен ойнайды. Массаж алып, буын бұлшықеттерін дамытатын емдік бөлмесі де жұмыс істеп тұр, – дейді аудандық жұмыспен қамту, әлеуметтік бағдарламалар және азаматтық хал актілерін тіркеу бөлімі басшысының орынбасары Бақытжан Байділдаев.

Білгеніміздей, орталықтағы жұмыстарды үйлестіру үшін 29 әлеуметтік қызметкер жұмыс істейді. Олардың қатарында медбике, психолог, педагог және арнайы шақыртумен үйге барып тұрақты қызмет көрсететін мамандар да бар.

Ауданда 2382 мүгедектігі бар адам болса, оның ішінде балалардың саны – 353. Ал жыл басынан бері мыңға жуық тұрғын әлеуметтік қызметтер порталы арқылы гигиеналық құралдарға өтінім берген. Сондай-ақ, жүріп-тұруы қиын 67 адам кресло арбамен, 103 адам тифлоқұралдармен, 16 адам сурдоқұралдарымен қамтылған. 258 мүгедектігі бар адамға протездік құрал алынды. Үйде қызмет көрсетілетін 138 жалғызбасты қарт пен мүгедектігі бар 112 балаға арнаулы әлеуметтік қызметтер тұрақты көрсетілуде.

Тағы бір қуаныш, мүмкіндігі шектеулі 248 тұрғынның 148-не сандоқтар арқылы жолдама берілген. Қалғаны брондалып тұр. Сонымен қатар, облыс орталығындағы «Талсуат» елді мекенінде орналасқан орталыққа жеке оналту бағдарламасымен 46 мүгедек, 47 зейнеткер жіберілді. «Алақайнур» мектеп жасына дейінгі балаларға арналған сауықтыру және

тәрбиелеу қайырымдылық үйіне психоневрологиялық ауытқуы бар және тірек-қимыл аппараты бұзылған 15 балаға жартылай стационар жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетіліп отыр.

Айтпақшы, оларға инватакси қызметін көрсету тұрақты бақылауда. Былтыр наурызда аудан әкімдігінің қолдауымен «Үміт» мүгедектер қоғамдық қорына кресломен жүретіндерді отырғызу және түсіруге арналған гидравликалық құрылғысы бар инватакси көлігі табысталған. Бұған «Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС демеушілік көрсеткен. Сонымен қатар, Шиеліде ерекше қажеттілігі бар адамдардың жүріп-тұруына кедергі болмау үшін пандустармен, бейімделген лифтілермен, дәретханалармен, көзі көрмейтіндерге арналған бағыттаушы белгілермен қамту, инфрақұрылымды жақсарту бойынша тұрақты жұмыс жүргізіліп келеді.

Шиелі ауданы

**ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА – 85 ЖЫЛ**

**ҚЫЗЫЛОРДА ЖИҒАЗ ФАБРИКАСЫ**

Қызылорда облыстық өнеркәсіп кеңесі басқармасының 1960 жылғы 11 шілдедегі №194 қаулысымен «Дальневосточник» артелі Қызылорда жергілікті өнеркәсібінің Жиғаз фабрикасы деп аталды. Зауыт жұмсақ және шкаф жиғаздарын шығарды. 1961 жылғы диван цехында ай сайын 40-50 диван жасалды.

1967 жылы фабрикада 95 адам жұмыс жасады. 1972 жылы негізінен киім-кешекке арналған шкафтар, диван-керушеттер, ас үйлік буфеттер, ағаш керушеттер шығарды.

1976 жылы 19 шілдеде Қызылорда жиғаз фабрикасы Қазақ КСР Министрлер Кеңесінің өкіміне сәйкес Қазақ КСР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің қарамағына берілді.

1977 жылы жиғаз фабрикасында 3 бригада болды: диван жасаушылар, корпустық жиғаз жинаушылар, дайындау цехының станокшылары. Сол жылы 8000 ұлттық үлгідегі сандық, 1520 диван шығарылып, олардың барлығы

сұранысқа сай сатылды. 1981 жылы жиғаз фабрикасында халық тұтынатын тауарлар: үстел, орындық, диван, ұлттық үлгідегі сандықтар шығарылды.

1988 жылы Қазақ КСР Орман және ағаш өңдеу өнеркәсібі министрлігінің таратылуына байланысты Қызылорда жиғаз фабрикасы «Казмебельеспром» Жиғаз және орман өнеркәсібі аумақтық ғылыми-өндірістік бірлестігінің қарамағына берілді. 1991 жылы фабрикада 260 адам жұмыс істеді.

Қызылорда облысы әкімінің 1992 жылғы 23 желтоқсандағы қаулысымен Қызылорда жиғаз фабрикасы «Сыр жиғазы» акционерлік қоғамы болып қайта құрылды.

«Сыр жиғазының» негізгі қызметі – жиғаз өнімдерін өндіру. Ағаш ұсталары, жиғаз құрастырушы, ағаш жоңушы, дизайнер мамандардан құралған кәсіпорында жиғаз, ағаш, металлпластикалық өнімдер шығаратын цехтар бар, 35 адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

**Облыстық архив құжаттарынан**

**Бақұл болыңыз, абыз ақсақал**



«Тумақ барда, өлмеқ бар» деген өмірдің қатал қағидасы. Оны ешкім өзгерте алмайды. Қолымыздан келетіні бақилық болған жанның артында қалған ағайын-туыс арулап, еске алып аруағын, рухын сыйлау. Осы жылдың 29 тамыз күні ауыл шаруашылығының ардагері Теңізқұлов Ержан 85 жасында өмірден озды.

Теңізқұлов Ержан 1938 жылы Қазалы ауданы, Бозкөл ауылдық округінде дүниеге келген. 1956 жылы Жаңа Қазалы кентіндегі №67 мектепті бітіріп, 1963 жылы Ташкент қаласындағы ауыл шаруашылығын механикаландыру институтын тәмамдап, еңбек жолын Қазалы ауданындағы «Басықара» су торабында механик болып бастаған. 1965-1979 жылдары Қазалы аудандық ауыл

шаруашылығы басқармасында механик, бас механик, Қазсельхозтехника бірлестігінде бас инженер, бірлестік басшысы, 1979-1981 жылдары аудандық автотранспорт кәсіпорнының директоры, 1987-1994 жылдары әртүрлі салада қызмет атқарып, құрметті зейнет демалысына шықты.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасында ардагер ретінде «Саусак бірікпейтін ине ілікпейді» дегендей, елдің ауызбіршілігін, татулығы мен ынтымақтығын қолдап, алтауды ала қылмай, төртеуді түгендеген ағамыз еді. Өмірінде жақсылықтың, адамгершіліктің, парасаттылықтың, имандылықтың жолын іздеді. Ауыл шаруашылығы саласында атқарған еңбегі ескеріліп, бірнеше медальмен, облыс, аудан басшыларының алғыс хаттарымен марапатталды.

Үлгілі отағасы бола білген абыз ақсақалымыз марқұм болған жұбайы Лиманмен бірге 2 ұл, 3 қыз тәрбиелеп өсірді. Балалары еліміздің әр түрлі жерлерінде қызмет етеді.

Абай атам айтқандай «Өлді деуге бола ма айтыңдаршы, өлмейтуғын артына сөз қалдырған» дегендей, Сіздің жарқын бейнеңіз біздің жүрегімізде мәңгі сақталады.

**Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының ұжымы және ардагерлер кеңесі**

**АРАҚҚҰМАРЛЫҚТАН АРЫЛТАТЫН САҢЫРАУҚҰЛАҚ**

**Ал Копринус қоғамдағы асқынған осынау әлеуметтік дертке шын мәнінде шипа бола алады.**

Копринус – қида өсетін ақ саңырауқұлақтан жасалған табиғи өнім. Дәрі емес. Құрамында ешқандай генетикалық өзгертілген заттар жоқ. Мәқсүнемдіктің алдын алуға және ішкілікке салынып кеткен жандарды түбегейлі сауықтыру мақсатында шығарылған өнім. Саңырауқұлақтың құрамына кіретін гидросциклопропиллотамин, яғни «коприн» ағзаға мүлдем зиянсыз. Ол ішімдікке деген тәуелділікті төмендетеді және ішкілікпен кейініні масаңдық табын жояды. Осы табиғи «Копринус» ұнтағының бір-екі граммын ішімдікке үйір адамның тамағына күнделікті қосып беру керек. Ол түссіз, иіссіз.

«Копринуспен» емдеудің толық бір курсына бұл дәріктің 6-8 қорапшасы жұмсалады.

ТУ 10.89.19-001-KZ20UWQ05196120-2023

**Мекен-жайы: «Копринус», «Женьшень – өмір қуаты» бальзамының қасиеті туралы СІЗ МЫНА КҮНІ ӨТКІЗІЛЕТІН САТЫЛЫМ КЕЗІНДЕ БІЛЕ АЛАСЫЗ: Қызылорда қаласында 17 қыркүйек күні сағат 10.00-11.00 аралығында А.Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде, Қазыбек би көшесі, 21 (Ескі базардың қасында).**

**Жарнама. Жарнама. Жарнама**

**«Сыр бойы», «Қызылординские вести», «Ақмешіт апталығы», «Ақмешіт жастары» және ауданның барлық басылымдарына хабарландыру орналастыруыңыз келсе: 70-00-52 телефоны арқылы байланысуға болады.**

**E-mail: smjarnama@mail.ru**

**Мына телефондар арқылы маманнан кеңес алып, тапсырыс беруге болады: 8 702 911 55 55, 8 747 969 24 74**

**Бір қораптың бағасы – 3000 теңге. 3 қорапша алсаңыз, 4-ші қорапша ТЕГІН**